Ауған соғысына қатысушылар туралы әр жылдары мәңгі есте қалдыру мақсатында «Әскери әдебиеттің» «Әскери тарих» жанрында анықтамалықтар шығарылды. Оның ең бастысы – «Ауғанстанда қаза тапқан Кеңес жауынгерлерін еске алу кітабы». 1 және 2 том кітабы [2]. Екі томдық кітапта Ауғанстандағы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің тоғыз жылдық әскери кампаниясының салдарынан Кеңес Армиясының, КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің, КСРО Ішкі істер министрлігінің 14,5 мыңнан астам әскери қызметшілері мен қызметшілерінің, сондай-ақ хабар-ошарсыз кеткендердің, жаралардан, контузиядан, жарақаттан, түрлі аурулардан қаза тапқандардың және қайтыс болғандардың есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатында олардың әліпбилік тізімі, қысқаша өмірбаяндық деректері мен суреттері берілген. Сондай-ақ қаза табудың, қайтыс болудың мән-жайлары, жерленген жері хабарланады. Жеке тізімге тағдыры әлі белгісіз жоғалған жауынгерлердің есімдері енізілген. Бұлардың қатарында Қазақстаннан шақырылған жауынгерлердің тізімі де бар.

Осы үлгіде «Боздақтар» атты көптомдық кітаптар Қазақстанның облыстарында да жарық көрді [3]. Жанры тұрғысынан бұл кітаптарды да «әскери тарих» жанрына жатқызуға болады. Кітаптарда әр облыстан Ауғанстан соғысына қатысқандардың өмір деректері мен суреттері, қаза табуының мән-жайы, мүмкіндікке орай ұрыс фрагменттері, олар жөніндегі естелік, танымдық мақалалар берілген. Бұл жинақтардың қалың оқырманның соғыс тарихын білуде, қыршын кеткен боздақтардың есімін ел есінде мәңгі сақтап құрметтеуде маңызы үлкен болды. Соғыс КСРО-да тұратын әскерге шақырылған барлық ұлттың өкілдерін қамтыды. АҚШ, Қазақстан, Тәжікстан,

Өзбекстан зерттеушілерінен құралған халықаралық топтың «1979–1989 жылдардағы Ауған соғысы куәгерлердің көзімен (Oral history)» жобасы бойынша Марлен Ларюэль, Ботагөз Рақышева мен Гүлден Ашкенованың редакциясымен «Отқа оранған Ауғанстаннан естелік. 1979–1989 жылдары Ауған соғысына қатысқан жауынгер-интернационалистермен сұхбат» атты кітап [4] басылып шықты. Соғыс тарихын зерттеуде «ауызша тарих» әдісі қолданылған бұл жобаның маңызы, біріншіден, Орталық Азия республикаларынан шақырылған сарбаздардың әскери борышын өтеудегі ортақ міндеттері мен ерліктері сипатталса, екіншіден, ауызша тарихтың соғыс шындығын танудағы өзіндік орны бар әдіс екендігі көрсетілді. «Әскери тарих», «Ауызша тарих» жанрларындағы бұл кітаптарды публицистикалық жанр қатарына толық жатқызуға болады. Өйткені бұл кітап сұхбатқа құрылған. Ауғанстандағы соғыс тарихын жақсы білетін журналист-зерттеуші әр түрлі сұрақтар қоя отырып, жауынгердің көрген-білгенін, басынан кешкенін, тіпті соғыстың сипатына деген көзқарасын анықтайды. Сөйтіп кәсіби журналист жауынгердің өз ойын еркін білдіруге мүмкіндік жасайды.

Орыс әдебиеті мен әдебиеттану ғылымында Ауғанстан соғысы тақырыбының көркем бейнеленуі мен өзекті мәселелері біршама кеңінен қарастырылған. Көркем прозаның барлық жанрларында дерлік шығармалар жазылды. Жазушы Олег Ермаковтың «Знак зверя» (1992) романы [5], «Возвращение в Кандагар» (2004) повесі [6], «Афганские рассказы» әңгімелер циклі [7], С. Алексиевичтің «Цинковые мальчики» әңгімелер топтамасы [8], Эдуард Пустыниннің «Афганец» романы [9], О. Блоцкийдің «Ночной патруль» [10], Н. Черкашинаның «Ротный» [11], С. Ионинаның «Бики-биким и Гуляев» әңгімелері [12], Андрей Дышевтің «Двухсотый» романы (2008) [13], В. Николаевтың «Живой в помощи» романы [14], тағы басқа туындылар Ауған соғысы тақырыбының қазіргі орыс әдебиетінде біршама кеңінен суреттелгенін, оқырман тарапынан да біршама ыстық ықыласқа бөленгенін көрсетеді. Өкінішке орай, қазіргі қазақ

әдебиетінде бұл тақырыпта таза әдеби жанрда жазылған шығармаларды кезіктірмейміз. Орыс әдебиеттану ғылымында да ауған соғысы тақырыбына жазылған туындылар туралы рецензиялар, әдеби сын мен зерттеу мақалалары әр жылдары басылым беттерін көрген, диссертация жұмысы орындалған [15-24].

Қазақ публицистикасында Ауған соғысы тақырыбының көрінуі, ең алдымен, елге аман-есен оралған журналист-қаламгерлердің естелік мақалалар жазуынан бастау алады. Естелік мақалалар кейін біршама көлемді көркем публицистикаға, деректі-әскери прозаға ұласты.

Қазақстаннан Ауған соғысына қатысушылар, айрықша батырлығымен танылған ерлер жөнінде өнімді жазған соғысқа қатысушы, ақын, қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткері Бақытбек Смағұл болды. Оның әр жылдары деректі проза мен көркем публицистика жанрында «Мен көрген соғыс» [25], «Қаһарман» [26], «Қазақтың қара майоры» [27], «Тағдыр тозағы Ад судьбы» [28], «Шығармалары. 3 томдық» [29] кітаптары жарық көрді.

Әскери қайраткер, запастағы полковник Амангелді Теміржанұлы Жантасовтың «Жартасты жастанған жасақ» [30], 1981-83 жылдары Кеңес әскерінің Ауғанстандағы шектеулі контингенті құрамында айрықша тапсырма үшін жасақталып, үлкен дайындықтан өткен 177-ші отрядтың командирі болған, даңқты әскери қайраткер Борис (Бақыт) Керімбаевтың «Капчагайский батальон» [31], Ғалым Қожабековтің «Қанды көйлек қарулас» [32] кітаптарын жанрлық тұрғыдан әлі де нақтылауды қажет етеді. Журналист Сәулеш Шәтенованың «Алыста қалған Ауғанстан» кітабы [33] Атырау облысынан аттанған жауынгерлердің тағдырына арналған.

Әр жылдары мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалар, естеліктер мол. Көптеген мақалалар жеке жинақтарда жарияланған.

Жазушы Асқар Алтайдың «Туажат» романының [34] бас кейіпкерінің тағдыры Ауғанстан соғысымен байланысты. Зерттеуде осы кітаптар және өзге де шығармалар талданып, жанрлық тұрғыдан зерделенеді.

## Талқылау

Ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігі болады дегенмен, тақырып бірлігі, ортақ жауынгерлік мақсат пен басқа түскен соғыс шындығы мен ауыртпалығы, зардаптары кейде әдебиетті тұтастырып, бір-біріне жақындатырып жатады. Сондықтан да зерттеу жұмысында орыс әдебиеті мен әдебиеттану ғылымындағы шығармалар мен зерттеулер назарға алынып, салыстырыла қарастырылады. Ауғанстан соғысы туралы орыс әдебиеті көркем шығармалары мен публицистикасында, әдеби сыны мен зерттеуінде әр алуан көзқарастар бар. Әрине бұл көзқарастар белгілі бір шындыққа негізделген. Өмір күрделі, әр алуан жағдайлары болады, оның үстіне жат жердегі соғысты, төгілген қанды, қыршын кеткен боздақтардың мезгілсіз өлімін ешкім ақтап алмайды. Зерттеу барысында бұл көзқарастар да ескеріледі және қазақ әдебиеті мен публицистикасындағы көрінісі назарға алынады.

Жалпы, қазақ халқының батырлық, ерлік дәстүрінің тамыры тереңде. Қазақ фольклорының туындыларында батырлардың ерлігі дәріптеледі, батырлардың «ертеден кешке созылған» шайқастары суреттеледі. Түркі халықтарына ортақ әдеби ескерткіштерде ерлік, ел қорғау тақырыптары айрықша орын алады. Бұларды таза әскери туындылар дегенмен, ел-жұртын қорғаған батырлардың образдары жасалып, бейбіт, тыныш өмірдің қаншалықты қымбат екендігі айтылады. Жырлар мен түркі халықтарына ортақ әдеби ескерткіштердегі жырланатын соғыстардың тарихи негіздері ғылыми айқындалған және сол соғыстарда халық, халық арасынан шыққан мықты рухты батырлар ерлік шайқасымен туған жерін, Отанын қорғап қалған. Шайқастарда дала ұрысына тән әр алуан әдістер қолданылған.

Ұлы Отан соғысы жылдары (1941-1945) КСРО халқымен бірге қазақ халқы да Отан қорғаудың жанкешті ерлік үлгілерін көрсетіп, жауынгерлік рухтың қанында бар екенін танытты. Бұл жылдары әскери публицистика жанры біршама дамыды. Сталиндік саясаттың ықпалымен әдебиеттану ғылымында ұлттық әскери публицистика, ұлттық әскери әдеби-

ет, әскери тақырып деген ұғымдар қолданылмады. Оның орнына Ұлы Отан соғысы, Отан қорғау тақырыптары, патриотизм, интернационализм деген жалпылық мәндегі ұғымдар қолданылды. Бірақ қалай дегенде де, әскери әдебиеттің белгілері қазақ әдебиеті үдерісінде өріс алды. Бауыржан Момышұлының Москва түбіндегі шайқасын деректі негізде суреттеген А. Бектің «Волокаламск тас жолы», Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасы, «Соғыс психологиясы» лекциясы, Б. Бұлқышевтің, М. Ғабдуллиннің, Ә. Нұршайықовтың, Қ. Қайсеновтің, т.б. туындылары әскери әдебиеттің әр алуан жанрларындағы үлгілері болатын. Өкінішке орай, осы және өзге осы желілес шығармалар әскери әдебиет, әскери проза, әскери публицистика саласында арнайы қарастырылмады. Арада 30 жылдың үстінде уақыт өткенде КСРО Ауғаныстан жеріне әскери күшін енгізіп, 10 жылға жуық Ауғаныстан соғысын бастан өткерді. Соғыс бірден болмаса да, уақыт өте келе әдебиетте, көркем публицистикада әдеби шежірелік бейнесін табуы өнер шарты, өмір заңы. Қазіргі уақытта Ауғаныстан тақырыбында жазылған үлкенді-кішілі әдеби-публицистикалық туындыларды қарастырғанда, әскери әдебиет, әскери проза, әскери публицистика деген жанрлық атауларға оралуымыздың қажеттілігін шығармалардың табиғаты анықтап тұрады.

### Нәтижелері

Әлем әдебиеті мен әдебиеттану ғылымында «әскери әдебиет», «әскери проза» ғылыми атаулары бұрыннан қолданыста кездеседі. Кітаптар жанрлық тұрғыдан: «Әскери тарих», «Соғыс уақытындағы әскери және азаматтық күнделіктер мен хаттар», «Көркем және деректі әскери проза», «Әскери жетекшілер мен саясаткерлер туралы өмірбаяндық материалдар, туындылар» деген атаулармен баспалардан жарық көріп жатады. Бұл атаумен шыққан кітаптардың барлығы дерлік көпшілік қауымға арналған. Сондықтан бұл туындыларға әдеби-публицистикалық сипат тән. Тарихилық, ортаның бейнеленуі, шайқас суреттері, кейіпкерлердің портреттері мен

диалог-монологтар, оқиғалылық, өмірбаяндық, деректік, күнделіктік сипат, авторлық көзқарас, тағы басқа әдебиет және көркем публицистикаға тән шарттар бұл туындыларда айқын көрініс береді.

Сондай-ақ әскери-хроникалық роман, «лейтенант прозасы», «окоп шындығы» деген ұғымдар да әдебиеттану ғылымында тұрақты ұшырасады. Шығармалардың жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктерін анықтауда да бұл белгілердің маңызы айрықша. Мәселен, «лейтенант прозасының» өзіне тән белгілері бар. Бұл шығармалардың авторлары, біріншіден, соғысқа тікелей қатысқан кіші офицерлер. Сондықтан олар соғыстың от-жалынында «өрттенгендер» болып саналады. Қаруластар тағдыры, олардың басындағы қиындықтар мен жеке жанжалдар, шыншылдық, ұрыс тәжірибесіне жүгіну, өмірбаяндылық, туындылардың басты кейіпкерлерінің көбіне кіші офицерлер болуы – жанрлық жіктелудің басты сипаттары болды. «Лейтенант прозасының» орыс әдебиетіндегі көрнекті өкілдеріне Григорий Бакланов, Юрий Бондарев, Васил Быков, Борис Васильев, Константин Воробьев, Вячеслав Кондратьев, Виктор Курочкин, тағы басқалар жатады [35-37].

Соғыс шындығын деректік және көркемдік тұрғыда суреттеген «лейтенантская проза» үлгісіндегі туындылар қазақ әдебиетінде де болды. XX ғасырдың 50 жылдарының соңында жазылған Б. Момышұлының «Артымызда Москва» повесі мен Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы соғыс тарихын тың көзқараспен бейнелеген жаңашыл туындылар еді. Бұл жөнінде академик С.Қирабаев: «Елуінші жылдардың орта тұсына қарай біздің елімізде соғыс және оны бағалау жайында жаңа көзқарастар қалыптаса бастады. Алғашқы әсермен жазылған шығармалар қайта қаралып, соғыстың қатал шындығы әр қилы талқыға түсті. Бұл - әсіресе, жеке адамға табыну саясатының сыналуымен кең өріс алды. Бұрын тек шабуылмен жеңушілерді ғана мадақтап келсек, енді соғыста қоршауда қалған, жау қолына түскен адамдардың адам төзгісіз қиындықта жасаған ерліктерін (бұрын оны сатқындық деп түсінетінбіз) психологиялық суреттеуге жол

ашылды. Орыс әдебиетінде жаңа үлгілі романдар туа бастады. Осы тұстағы қазақ романдары ішінен Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер» (1956) мен Б. Момышұлының «Артымызда Москва» (1959) сияқты кітаптарын айрықша атауға болады. Бұл шығармаларда соғыстың алғашқы кезеңіндегі (жаудың тұтқиылдан басып алуы мен біздің әскерлердің шегінуі бұрын айтылмайтын) майдангерлердің ауыр өмірі, қатты ұрыс пен шегіну оқиғалары суреттелген. Сондай қиыншылықта жүрсе де, біздің отандастарымыздың түпкі жеңіске деген сенімін жоғалтпағаны, оптимизмі тарихи шындық жағдайында көрсетілді» [38, 26-27], - деп жазды.

Әдебиеттің білгірі, көрнекті ғалымның бұл бағалауы, әрине, әділ жәнешындықбаға. Бірақ, екіншіше орай, осы шығармалардың табиғатына сәйкес «әскери проза», «әскери әдебиет», «ұлттық әскери әдебиеттің қалыптасуы» тұрғысынан қарастырылмады. Оның объективті себебі - сол уақыттың «қызыл көз» қырағы да аяусыз идеологиясымен тікелей байланысты еді. Тек соңғы Тәуелсіздік жылдарында ғана белгілі ғалым М. Мырзахметұлы Б. Момышұлы туралы «Түрік халықтары әскери әдебиетінің негізін салушы» деген концепцияны ұсынды [39].

Соғыс – соғыс әдебиетін туғызады. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Өйткені соғыс қоғамдағы, адамзат санасындағы өзгеше зор сілкініс. Қасіретті шындық пен қасиетті парыз салмақтанады. Әдебиет пен көркем публицистика алдына өзгеше міндет қойылады. Б. Момышұлы айтпақшы, «кездейсоқ көріністер, жекелеген адамдардың айтқан әңгімелері, қосалқы материалдар салмақты шығарма жазуға право бере алмайды» [40, 15].

Сондықтан Ауғанстан соғысы қасіретін бейнелеген туындылар мен жазылған мақалалар алдыңғы кезекте әскери әдебиет, әскери публицистика жанры саласында зерттелуі, зерделенуі тиіс деп білеміз. Шындығында, соғысқа қатыспаған адамның қиялы қаншалықты ұшқыр болғанмен, Ауғанстан секілді таулы аймақ – жат жердегі ұрыс ақиқатын толық және шынайы ашып бере алмайды. Сол себепті де бұл тақырыптың иелері бірінші рет-

те соғысқа қатысып, «от-жалынға» қақталған қаламгерлер болып келуі заңдылық. Әрине, талант әркімде әр түрлі деңгейде. Ол өз алдына мәселе.

А. Кривицкийдің: «Шынында, да соғыс табиғаты соншалықты күрделі, жеңіл-желпі бағалауға көнбейтін жан-жақты құбылыс екенін ұмытпаған жөн» [41, 21 б.], – деп жазды «На полях книг. Монологи публициста» кітабында.

Осы ретте Ауғанстан соғысына қатысушы, даңқты «қара майор» атанған, арнаулы батальонның командирі Борис Төкенұлы Керімбаевтың «Қапшағай батальоны» кітабына [42] тоқталып өтелік. Автор соғыс жағдайында арнайы жасақталған батальонның құрылу тарихын, оған өзінің командир болып бекітілу сәтін, батальонның Ауғанстан аймағында жүргізген қиянкескі ұрыстарын, соғысқа қатысушылардың жанқиярлық ерліктері мен қаза тапқандардың аты-жөндерін, олардың қандай жағдайда қаза тапқандарын тарихи-деректік негізде шынайы баяндайды. Автордың алдына жазушылық мақсатты қоймағаны белгілі. Дегенмен туындыны бірыңғай ғылыми еңбек те дей алмас едік. Шығармадан әдеби-публицистикалық, тарихи, өмірбаяндық сипат аңғарылады. Кітап «Спецназ ГРУ в Афганистане (краткая военно-историческая справка)» деген әскери-тарих анықтамасымен басталып, «Капчагайский батальон. Особое задание», «Становление отряда», «Дорога в Афган», «Меймене», «Дарзоб», «Панджшер», «Боевые друзья», «Последние бои...», «Послесловие», «Мирное время» деген бөлімдермен жалғасады.

Туындыны «Ауған соғысы тақырыбына жазылған шығарма» деп бір ауыз сөзбен түйықтамай-ақ, жанрлық тұрғыдан «Әскери әдебиет» жанрына жатқызып, оның ішінде «Соғыс тарихы» жіктелуіне бөлер едік. Әрине, бұл тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан келгенде. Ал туындының орындалуы, құрылымы жағынан келгенде, «деректі проза» қатарына жатқызуға болады. Дегенмен мұнда да ескерерлік жай – туындыда әдеби көркемдік амал-тәсілдерден бұрын публицистика жанры сипатының басымдығы байқайлады.

Шығарма табиғатын тереңірек тану үшін үзінділерге көңіл аударып көрелік.

«В это время на КПП вышел подполковник (его фамилию я узнал позже – Трепак, он был офицером разведотдела). Увидев меня, заинтересовано пригляделся, подошел и спросил:

- Откуда вы, товарищ майор? Ваша фамилия?

Узнав, кто я, он схватился за голову. Представьте себе мое состояние в этот момент. Естественно спросил у него:

- Товарищ подполковник, скажите, куда меня направляют? Может отказаться?

Однако он мне ничего не сказал, а только периодически хватался за голову с тихими возгласами – «Ой-ой-ой»...

...Все это меня, конечно, заинтриговало, однако кое-что оставалось непонятным. Говорю:

- Я ведь еду в Эфиопию, прошел беседу, жду вызова.

- Это не твои заботы».

Үзінді – біздіңше, таза әдеби шығарма бағытында жазылған. Диалогтер кейіпкерлердің мінезін аша түскен. Трепактың «ой-ойлап» басын шайқай беруі, оның кейіпкердің ішкі жан дүниесіне әсері, белгісіздік күй кешкен кейіпкер психологиясы, әскери қысқа қайырымдар әдеби тұрғыдан орындалған деп білеміз. Туындының бұл сәтінен өмірбаяндық сипат, еске алу байқалады. Дегенмен шығарма бүкіл бітіміндеосы стильдік ырғақ сақталмайды. Әдеби туындыға тән жеке образды даралау, шығарманың басты бір оқиғаның төңірегіне жинақталуы көрінбейді. Бұл заңды да.

Өйткені сәт сайын өзгеріп, мың құбылып жататын, бір сәтте адамның тағдыры шешілетін күрделі ұрыс операцияларыныңшындығын автор бір сюжеттік арнаға сыйдыра да толық қамти алмас еді. Сондықтан да өзінің алдына қойған қасиетті міндеті – ұрысы шындығын, хронологиясын, эпизодтарын жасауды, қанды шайқастарда қаза тапқан боздақтардың есімін қастерлеуді, олар жөнінде өзі білетін, куә болған шындықты айтуды мақсат тұтады. Бұл ыңғайда туындыда публицистика алдыңғы кезекке шығады: қажетті тұста хабарламалар мен баяндаулар, күнтізбелік шайқас тізбесі, әскери

міндеттер мен қағидалар, командирдің ұрыс орны, орналасқан жері, өткен шайқас туралы ой-толғамдары, түрлі деректер, айрықша еңбек сіңірген қаруластардың аты-жөндерінің тізбесі беріліп отырылады.

Публицистикалық сипаттың көрінісіне шығармадан үзінді келтірерлік:

«О бое, в котором погибли старший лейтенант Ахметов и ефрейтор Оспанов хочется рассказать особо. Неподалеку от Меймене на берегу речки стояло девять мельниц, которые обеспечивали хлебом весь городок. Душманы захватили мельницы, планируя взять город в «голодную осаду». Я принял решение - силами своего отряда провести операцию по освобождению жизненно необходимого для местного населения объекта. В 9 утра спецназовцы вступили в бой и закончили его лишь к 16 часам следующего дня. Цель была достигнута – душманов отбросили от мельницы. Осталась лишь одна огневая точка, которую никак не удавалось подавить. Разобраться я отправил командира 2-й роты старшего лейтенанта Калибека Ахметова. Кстати он должен был со дня на день отправляться в отпуск, но напросился на операцию».

Соғыстың мұндай қаһармандық сәті мен дұшпандардың қитұрқы әрекетін тек соғыс жағдайы ғана туғызады. Адамның қиялынан өмірдің шындығы әлдеқайда терең. Сол бір сәтте қапыда өліп кеткен Қалибек Ахметов пен Мұхтар Оспанов айналада қауіп-қатердің мол екендігін сезгенмен, ажал сәтінің келгенін білді ме екен дерсің! Соғыстың барынша күрделілігі мен тосындығы да осында.

Автор эпизодты үлкен өкінішпен жазады. Бірақ публицистикалық баяндаумен қысқа қайырады. Ал әдеби туындыда осы эпизодтың өзі үлкен оқиға арқауына айналар еді. Дегенмен, біздің пайымдауымызда, туындының публицистикадан ауқымы әлдеқайда кең. Мұнда тоғыз жылға созылған соғыстағы бір батальонның тарихы, түрлі жағдайдағы жанкешті шайқастары қысқаша суреттеледі. Сондықтын туындыны көлемі шағындау болғанмен, жанрлық тұрғыдан «әскери мемуарға» да жатқызуға болады.

Ауғанстандағы соғыс пен оның елге әкелген қасіреті жөнінде өндірте жазып жүрген автор-

лардың бірі – соғысқа қатысушы, мемлекет және қоғам қайраткері, Жазушылар одағының мүшесі Бақытбек Смағұл. Оның қазақ және орыс тілдерінде «Ауғанның от жалыны», «Мен көрген соғыс», «Война, которую видел я», «Қан кешкен күндер», «Намыстың құлы - Алаштың ұлы», «Қаһарман», «Герой», «Король Панджшера», «Қазақтың Қара майоры», «Оқ пен Отан», «Тағдыр тозағы», «Ад судьбы», «Нұрсұлтан Назарбаев. Алтын Ғасыр», «Үш қырлы жебе», «Трехгранная стрела» кітаптары жарық көрді. 2020 жылы таңдамалы шығармалар жинағының үш томдығы шықты. Б. Момышұлының «Қолбасшы күнделігі–Дневник командира» еңбегін жариялады.

Автордың «Паншер патшасы» туындысында қан майданда от пен суды бірге кешкен батыр ағасы Борис Керімбаев туралы ой толғап, сыр шертеді. Кітапқа жазған алғы сөзінде әскери ғылымдарының докторы, профессор Ким Серікбаев «Бақытбек Смағұлдың «Қазақтың «Қара майоры» кітабы тек әдеби ғана емес, ғылыми-тарихи зерттеу болып табылады. Ол бірсыпыра мұрағаттық деректерді көтеріп отыр. Ауған соғысы батырының ерен ерлігі мен еселі еңбегін лайықты көрсете алғаны – үлкен жеңіс, ал еңбегі – кейінгі ұрпаққа аса қажет дүние және сарқылмас дерек көздері болып табылады. Мұның әскери бөлімдерде дәріс ретінде оқылуы керек деп санаймын. Бұл – Баукеңнің «Психология войны» кітабынан кейінгі әскери адамдардың үстелінде жатар екінші кітап» [43,9], - деп жазады.

Ал автор кітаптың жазылу тарихына қатысты былай дейді: «Тереңге тартып әкете беретін әр ауанға елігіп, бірде қолға қалам-қағаз алдым, жадымдағыны жаңғыртуға кірістім. Әр естеліктегі оқиғалар мен кейіпкерлердің бәрі болмаса да, біразы бұрыннан жадыда жүруші еді. Ал ақ қағазға түсіргенде, олар маған жан-дүниесін жайып салғандай болды. Ойға оралмай жүрген талай егжей-тегжей еске түсті. Қаншама оқиға мен талай тағдырлардың жанынан бұрын тасырлап шауып өтіп жүр екенмін.

Алға жылжыған сайын көзден таса қалған тұстар ашылып, аршыла түсті. Нәтижесі – осы кітап. Ол ауыздан ауызға жеткен шежіре де,

қиялдан туған көркем шығарма да емес, таза тарихи танымдық мәні бар, деректі де керекті материалдарға сүйенген туынды. Бірақ бұл кітапта бүкіл деректер ақи-тақи түгелдене қалды деу әбестік. Даңқты «Қара майордың» ерлігі әлі де талай зерттеулерге жүк болары сөзсіз» [43,11], - дейді.

Кітап бірнеше жеке: «Ауған соғысы туралы толық білеміз бе?», «Халық адамына қара күйе жұқпайды», «Қара майордың» ең басты ерлігі», «32 жылдан кейін», «Теңізде таяу жоқ, соғыста аяу жоқ», «Үш қорқыныш», «Әкенің қас-қабағы – баланың бас сабағы», «Қолда бардың алтынның қадірі жоқ» деген тақырыптардан тұрады. Кітаптың соңына «Басқарманың 177-ші арнайы мақсаттағы жеке отрядының қаза болған сардарлары мен сарбаздарының тізімі» суреттерімен берілген.

Туындыны қандай жанрға жатқызуға болады? Әрине, бір шығармада бірнеше жанрдың белгілері қоса-қабат байқалуы ықтимал. Б. Смағұлдың «Паншер патшасы» туындысынан сол белгі аңғарылады. Дегенмен, қай жанрдың сипаты басым дегенде, «әскери деректі прозаға» - деректі хикаятқа тоқталғанды жөн санар едік.

Осы ретте алдымен «деректі проза» деген не? Соған қысқаша көңіл аударып өтелік. Деректі проза, алдымен, әдеби жанр. Бірақ онда сюжеттік желі нақты оқиғаларға құрылады. Белгілі тұлғаның өмірбаяны, оқиғалардың тарихы, елтану сипаттамалары, ауыр қылмыс тергеулері, тағы басқалар жатады. Мұнда шығарма арқауы нақты оқиғаларға құрылғандықтан, шығармашылық қиялға жол берілмейді.

Деректі проза куәгерлердің естеліктеріне, құжаттарға негізделеді. Автордың естеліктері де қолданылады. Сонымен қатар автордың көзқарасы материалды таңдау мен бағалауда көрініп, публицистикалық стиль кеңінен пайдаланылады [44].

Жазушы Ә. Нұршайықов өзінің қаламгерлік тәжірибесіне сүйене отырып, деректі прозаға жақсы анықтама береді: «Деректі шығармада шындықтың өзі ғана шырқап тұруы керек. Деректі кейіпкер көркем қаһарман сияқты үнсіз қала бермейді, өзін теріс сурет-

тесе жазушымен дауласа да, жауласа да алады. Деректі тарихи оқиға – халық қазынасы, халық оны ешкімге де бұрмалаттырмайды» [45,363].

Міне, осындай талап тұрғысынан келіп, «Панжер патшалығын» деректі проза – хикаятқа жатқызғанымызбен, жоғарыда айтылғандай, туындының орындалуында публицистикалық стиль басым. Біріншіден, бір бағытта дамиды сюжеттік арна жоқ. Дегенмен, тақырыпқа бөлінген жазбалардың басын біріктіретін ортақ белгі – кейіпкер ортақтығы болып табылады. Қай тақырып болмасын әңгімеге тиек болып отырған қаһарманның әр қырынан келіп, оның азаматтық, батырлық тұлғасын ашуға бағытталады. «Ауған соғысы туралы толық білеміз бе?» тақырыбы зерттеушілік, жалпы түсінік бағытында жазылса, одан кейінгі тақырыптық бөлімдерде зерттеушілік сипат, жол сапар, естелік материалдарын пайдалану, кейіпкерге арналған өлеңдер, тағы басқа белгілер көрініс береді. Ал «Үш қорқыныш» кейіпкермен сұхбатқа құрылған. Әрине, осы бөлімдер тұтаса келе Ауғанстан соғысы туғызған, аты аңызға айналған қаһарман туралы оқырманға біршама толық түсінік береді. Сол себепті де туындының бір бағытта жазылуын, көлемін ескеріп, әскери деректі хикаят жанрына жатқызуға болады.

Қалай дегенде, автор соғыс кезінде кейіпкермен бірге болған жоқ. Сондықтан аты аңызға айналған командирдің ұрыс операцияларын көз көргендердің естеліктері негізінде жазады. Бірақ автордың кейіпкерге деген құрметі, өзінің де соғыста болуы «отты нүктенің» шындығын, қасіретін жан-жүрегімен сезіне отырып жазуға мүмкіндік берген.

Әрине, «Қара майордың» ұрыстағы ерлігі, тапқыр да батыл шешімі, жауларының өзін мойындатқан алғырлығы мен даңқы өз алдына үлкен тақырып болғанмен, автор кейіпкердің басты ерлігін оқырманына былай толғана суреттейді:

«Шатқалдағы аңдысқан, арбасқан, кескілескен ұрыс 2 айға жуық уақытқа созылды. Егер текетірес одан әрі ұзаса, өзінің жағдайы нашарлайтынын сезінген Ахмад шах Масуд келісімге жүгінуге мәжбүр болады. Ол 1982

жылдың шілде айында Кеңес әскерінің бастылығымен келіссөз жүргізеді. Екі тараптық келіссөзді әзірлеу процесіне «Қара майор» да қатысады. Біраз ырғасқаннан кейін екі жақ та бәтуаға келеді.

Бұл келісім бойынша, Масуд 1984 жылдың 21 сәуіріне дейін Паншердегі Кеңес армиясы мен ауған әскері (Б.Кармал өкіметінің қарулы күштері) гарнизондарына қарсы соғыс қимылдарын жүргізбеуге, өзі бақылайтын территориядан Кеңес әскеріне оқ атпауға уәде етеді. Әрине, Ахмад шах та біздің генералдарға аса ауыр соққан шарттар қойды. Мәселен, оның бірі мынадай: Кеңес өкіметінің өкілдері оның бақылауындағы аумақта жергілікті биліктің ісіне қол сұқпауға, «өзара бітімді» сақтауға тиіс. Кеңес жағы бұл шарттарды қабылдауға көнді.

...Міне, менің өз өлшемім бойынша «Қара майордың» Ауған соғысындағы ең басты ерлігі де – осы! Ауған елінің жұртына белгілі де беделді Ахмад шах Масудты келіссөзге жүгіндірді, ымырадан ырыс іздеуге мәжбүр етті. Егер «Қара майор» және сол секілді жанкешті батырлар болмаса, шах Масуд келіссөзге иілер ме еді? Әрине, илікпес еді.

Осындай тарихта қалатын, өскелең ұрпаққа үлгі өнеге болатын бітім-келісім арқасында 1982 жылдың шілдесінен бастап, 1984 жылдың 21 сәуіріне дейінгі аралықта Паншерде ұрыс қимылдары жүргізілген жоқ, демек қаншама адамның өмірі сақталды. Қаншама арыс азамат үйлеріне мырыш табытпен емес, өз аяғымен аман-есен оралды. Ал, енді дүниеде адам өмірінен қымбат не бар?! «Қара майордың» ерлігінің мәні мен маңызы осында!» [43,46-47].

Шындығында, «қанды нүктеде» біраз уақытқа дейін бейбітшілікті сақтаудың өзі үлкен күш болатын. Қазақ халқының соғыс кезіндегі даңқты ұлының образы туындыда осылай асқақтатылып, деректі прозаға тән авторлық көзқарас және бағалаумен көрінеді.

Ауғанстан соғысы жөніндегі шығармаларды сөз еткенде, әскери қайраткер, запастағы полковник Амангелді Жантасовтың «Жартасты жастанған жасақ» (Қара майордың мұсылман батальоны) туындысын назардан тыс



қалдыра алмаймыз. Туынды «Ауған» соғысы жайында» атты кіріспе бөліммен ашылып, бірнеше тараудан тұрады.

1. Арнайы мақсаттағы әскерге барар жол немесе жасақтың құрылуы туралы;

2. Егер ертең соғыс болса, жорыққа ертең аттансақ.

3. Шекараның ар жағы қабағы қатаң ел екен

4. Командир бәріне де жауапты.

5. Оңтүстік шепті қорғауда

6. Дарзоб жорығы

7. Бес арыстан шатқалында

8. Гүлбахор – Кабул – үйге!

Шығармада автор арнаулы жасақтың өзі куә болып қатысқан ұрыстары мен соғыс шындығы, әскери өмір қағидалары, қаруластарының ерліктері мен адамдық қасиеттері жөнінде терең де жан-жақты баяндайды. Туындының көлемі – 216 бет.

Біздің пікірімізше, бұл кітап әдеби қауымға соншалықты таныс бола қойған жоқ. Біріншіден, кітаптың тиражы аз болуы себепті десек, екіншіден, әдеби қауымға жетпегендіктен, назар аударылмаған тәрізді.

Туындының әдеби тұрғыдан орындалуы өз алдына бөлек әңгіме. Ал мазмұндық жағынан, біздіңше, бай шығарма. Өйткені ұрыстың әрбір сәті күрделі, мүлдем күтпеген тосын жайға толы, адам тағдыры шешіліп жататын тағдырлы кезең. Түйіндей айтқанда, «Жартасты жастанған жасақ» шығармасында Ауғанстан соғысының шындығы біршама кең, жүйелі, тұтас көрініс беріп, әскери-азаматтық тұрғыдан суреттеледі. Шығарманың құрылымында деректі прозаға тән публицистикалық стиль басым көрінеді. Дегенмен, әдеби жетістіктері де бар. Туынды – алдағы уақытта кімнің тарапынан болса да, арнайы зерттеу нысаны болуға әбден лайықты. «Ұлттық әскери әдебиет», «ұлттық әскери проза» тақырыбында сүбелі шығарма қатарында қарастыруға болады деп есептейміз.

Әлемдік әскери әдебиет тәжірибесінде «әскери-хроникалық роман» деп аталатын жанр бар. Біздіңше, А. Жантасовтың «Жартасты жастанған жасақ» туындысы осы «әскери-хроникалық роман» деген атауға сәйкес келеді.

«Әскери әдебиет» жанрында қарастыруға болатын өзге де көптеген авторлардың туындылары бар. Соның бірі - Ауғанстан соғысына қатысушы, журналист Ғалым Қожабековтің «Қанды көйлек қарулас» атты деректі хикаяты. Қазіргі уақытта Ауғанстан соғысы шындығы әдеби туындыларда көрініс бере бастады. А. Алтайдың «Туажат» романының бас кейіпкері Байбура Ауғанстан соғысының қасіретін басынан өткерген, тағдыры қиын азамат болып суреттеледі. Шығармада толық болмаса да, кейіпкердің еске алуымен ұрыс сәті, тұтқынға түскен жауынгердің аяусыздықпен өлтірілуі (тірілей көкпарға тартылады) бейнеленеді.

Академик Р. Нұрғалиев: «Үлкен әдебиет қашанда халық өмірінің белді кезеңдерін, дәуір тудырған әлеуметтік тартыстарды, қоғамдағы саяси ағымдарды, психологиялық шытырман-дарды айналып өтіп кете алмайды. Ерте ме, кеш пе әйтеуір ел басынан өткен оқиғалар өнер тілімен сөйлеп, ұрпақтар талқысына түспек» [46, 14 б.], - дейді. Бұл – шындық. Ауғанстан қасіреті ұмытылмайды, ендеше әдебиеттен, көркем публицистикадан орын алуы заңдылық. Ал оны талдау, орынды бағалау, әдеби жанрдағы орынын анықтау, насихаттау – әдебиеттанушы ғалымдардың, сыншылардың міндеті. Өкінішке орай, бұл бағыттағы мақсатты жұмыстар байқала қоймайды.

Ауғанстан соғысы тақырыбында жазылған әскери публицистика жанры саласындағы туындылар өте мол. Соғысқа қатысып, елге аман-есен оралған әскерилер кейін қанды майданда қаза тапқан қаруластары туралы еске алу мақалаларын жаза бастады. Газет тілшілеріне сұхбаттар берді. Кейбір зерттеу жұмыстары да солардың тарапынан атқарылды. Хаттар жарияланды. Көлемді көркем очерктер жазылды. Мұны жинастыра отырып, жан-жақты қарастыру, көркемдік сипатын ашу алдағы уақыттың жұмысы.

### Қорытынды

Соғыс тақырыбына жазылған туындыларға, оның ішінде Ауғанстан соғысы шындығына арналған шығармаларға жаңа көзқарас тұрғысынан келу қажет деп білеміз. Әдеби талдау мен зерттеулерде «Әскери әдебиет»,

«әскери проза» жанры талабына кеңінен мән берілуі тиісті. Соғыс – соғыс шындығын туғызады. Ал соғыс шындығы барынша күрделі құбылыс. Сол себепті де бұл тақырыптың терең де шынайы суреттелуі, ең алдымен, сол соғысқа қатысқан, көп жайларды көзімен көріп, басынан өткерген авторларға қатысты. Орыс әдебиетінде Ауғанстан соғысы тақырыбында жазылған әр алуан жанрдағы әдеби туындылардың біршама көптігі байқалады. Соғыс туралы әр алуан көзқарас образ тағдырлары арқылы бейнеленеді. Бейбіт күнгі соғыстың құны қаншалықты қымбатқа түсті, осы соғыс шейіт болған, қан кешкен ұрпақ үшін

қажет пе еді? Қазақ әдебиетінде жазылған туындыларда негізінен соғыстың күрделі шындығы, сарбаздар мен сардардың Отан алдындағы әскери борышын өтеудегі жанкешті іс-әрекеті, ерлігі, адамдық-азаматтық парызы суреттеледі. Ауқымды кең тақырыпты алдағы уақытта түрлі жанрларға бөліп, тақырыптық-көркемдік-стильдік тұрғыдан зерттеуді өзекті мәселе деп білеміз. Мәселен, соғыс тақырыбына жазылған туындылардың сөздік қабатының өзгешелігі байқалады. Өзіндік термин, атаулар кездеседі. Осындай түрлі сипаттағы ерекшеліктер алдағы зерттеулерде ескерілуі қажет.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Сайлан Б. Ауғанстан: 110 айға созылған соғыс. –Астана: Егемен Қазақстан, 2019. 7 ақпан. 9 б.
2. Книга памяти о советских воинах, погивших в Афганистане. В двух томах. Том 1. Министерство обороны Российской Федерации. Главное организационно-мобилизационное управление генерального штаба. Москва, Военное издательство, 1995.; Том 2. Москва, Военное издательство, 1999.[Электрон. ресурс] – 2000. –URL: <http://afgan.ru/memoryafgan/>(Қаралған күні: 20.05.2021)
3. Книга памяти. Афган. 1979-1989. Боздақтар. Қарағанды облысы Карагандинская область. г. Караганда, РГК ПО “Полиграфия», 1999. -136 б.
4. Марлен Ларюэль, Ботагоз Ракишевой, Гудден Ашкеновой. Память из пламени Афганистана: Интервью с воинами-интернационалистами Афганской войны 1979-1989 годов Книга 1. Казахстан. Издание состоит из 3-х книг. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2016. – 216 с.; Память из пламени Афганистана: Интервью с воинами-интернационалистами Афганской войны 1979-1989 годов / Под ред. Марлен Ларюэль, Ботагоз Ракишевой, Гудден Ашкеновой. Книга 2 Узбекистан. Издание состоит из 3-х книг. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2016. – 192 с; Память из пламени Афганистана: Интервью с воинами-интернационалистами Афганской войны 1979-1989 годов / Под ред. Марлен Ларюэль, Ботагоз Ракишевой, Гудден Ашкеновой. Книга 3. Таджикистан. Издание состоит из 3-х книг. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2016. – 260 с.
5. Ермаков О.Н. Знак Зверя. Эксмо-Пресс, 2007.– 352 с.
6. Ермаков О.Н. Возвращение в Кандагар.Эксмо-Пресс, 2010.– 384 с.
7. Ермаков О.Н. Зимой в Афганистане (Рассказы).[Электрон. ресурс] – 2012. –URL: <https://www.litmir.me/bd/?b=8427> (Қаралған күні: 20.05.2021)
8. Алексиевич С.А. Цинковые мальчики: документальные повести / С. Алексиевич – Москва : Известия, 1991. – 424 с.
9. Пустынин Э. «АФГАНЕЦ. Роман в 35 главах», 1988-92. [Электрон. ресурс] – 2015. –URL: [http://afg-hist.ucoz.ru/photo/bazy\\_dannykh/biblioteka/afganec/91-0-1580](http://afg-hist.ucoz.ru/photo/bazy_dannykh/biblioteka/afganec/91-0-1580) (Қаралған күні: 20.05.2021)
10. Блоцкий О.М. Ночной патруль. [Электрон. ресурс] – 2017. –URL: <https://libking.ru/books/prose/prose-rus-classic/7405-oleg-blotskiy-nochnoy-patrul.html> (Қаралған күні: 20.05.2021)
11. Черкашин Н. Ротный. Рассказ. - В кн.: Крещение / Сост. Л.А. Теплова. - М.: Изд. «Правда», 1991. -464 с.
12. Ионин С. Бики-Биким и Гуляев. Рассказ. - В кн.: Крещение / Сост. Л.А. Теплова. - М.: Изд. «Правда», 1991. -464 с.

13. Дышев А.М. «Двухсотый» Эксмо-Пресс, 2008.– 348 с.
14. Николаев В. Живый в помощи. [Электрон. ресурс] – 2011. –URL: <https://azbyka.ru/fiction/zhivuyj-v-pomoshhi-zapiski-afganca/>(Қаралған күні: 20.05.2021)
15. Абашева М.П, Аристов Д.В. Военная проза 1990 – 2000-х годов: генезис и поэтика // Вестник Томского государственного педагогического университета. – Томск, 2010. – Вып. 8 (98). – С. 133 – 137.
16. Аристов Д.В. О природе реализма в современной русской прозе о войне / Д. В. Аристов // Вестник Пермского университета. – 2011. – № 2 (14). – С. 169–175.
17. Горбачев А.Ю. Военная тема в прозе 1940–90-х гг. [Электрон. ресурс] – 2014.URL: <http://www.bsu.by/>(Қаралған күні: 20.05.2021)
18. Ключинская О.В. Проблемно-тематические аспекты современной военной прозы / О.В. Ключинская // Гуманитарные исследования в Восточной Сибири и на Дальнем Востоке. – 2010. – № 4. – С. 115–120.
19. Тимина С.И. Современная русская литература (1990-е гг. – начало XXI в.): учеб. пособие для студ. филол. фак. высш. учеб. заведений / С. И. Тимина, В.Е. Васильев, О.Ю. Воронина [и др.]. – СПб. : Филологический факультет СПбГУ – М. : Академия, 2013. – 352 с.
20. Бродски И.И. Чеченская война в зеркале современной русской литературы / И. И. Бродски // Новое литературное обозрение. – 2004. – № 6 (70). – С. 229–245.
21. Курбатов В.К. Как надо, как учили / В. К. Курбатов // Литературная Россия. – 1999. – № 19. – С. 10.
22. Вуколов Л.И. Современная военная проза в школе / Л. И. Вуколов. – М. : Просвещение, 2009. – 176 с.
23. Пустовая В. Человек с ружьем: смертник, бунтарь, писатель. О молодой военной прозе [Электрон. ресурс] – 2005.URL: [http://russ.ru/novyi\\_mi/2005/5/ru9.html](http://russ.ru/novyi_mi/2005/5/ru9.html) (Қаралған күні: 20.05.2021)
24. Чалмаев В.А. Русская военная проза 1980–2000-х годов на перекрестке и мнений и споров / В. А. Чалмаев // Литература в школе. – 2004. – № 5. – С. 18–23.
25. Смағұл Б. Мен көрген соғыс. «Война, которую видел я», Алматы: 2007. – 188 б.
26. Смағұл Б. Қаһарман - Алматы : 2010 . - 152 б.
27. Смағұл Б. Қазақтың кара майоры. Алматы: Атамұра. 2014. – 160 б.
28. Смағұл Б. «Тағдыр тозағы Ад судьбы». Книга на казахском и русском языках. Алматы: Хантәңірі. 2016. 488 б.
29. Бақытбек Смағұл Шығармалары - Произведения. I том. / Бақытбек Смағұл. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020. – 448 б; Бақытбек Смағұл. Шығармалары - Произведения. II том. / Бақытбек Смағұл.- Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020. 384 б; Бақытбек Смағұл. Шығармалары - Произведения. III том. / Бақытбек Смағұл. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020. – 336 б.
30. Жантасов А. Жартасты жастанған жасақ. Қара майордың мұсылман батальоны. Алматы: Хантәңірі. 2018. – 624 б.
31. Керимбаев Б. Капчагайский батальон. Спецназ ГРУ в Афганистане. [Электрон.ресурс] – 2009. -URL <http://desantura.ru/articles/37/?PAGEN> (Қаралған күні: 20.05.2021)
32. Қожабеков Ғ. Қанды көйлек қарулас. - Астана: Фолиант,2019. - 243 б.
33. Шәтенова С. Алыста қалған Ауғанстан. Атырау: Ағатай,2017. - 228 б.,
34. Асқар Алтай «Туажат» романы. [Электрон.ресурс] – 2016. -URL <https://abai.kz/post/47398> (Қаралған күні: 20.05.2021)
35. Шавалеева В.Д. Произведения Ахияра Хакимова о войне в контексте «лейтенантской прозы»: автореферат дис кандидата филологических наук: 10.01.02/ Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы. –Уфа, 2012. -26с.
36. Давыдюк Е.В. «Лейтенантская проза» 50 — 60-х гг. Споры об окопной и масштабной правде. Доклад для участия в работе круглого стола «Этих дней не смолкнет слава» // NetNado.
37. Фомичёва Н. У истоков «лейтенантской прозы». Повесть В. П. Некрасова «В окопах Сталинграда» // Литература. — 2007. — № 19. - С. 14-16.
38. Қирабаев С. Жалпы редакциясын басқарған – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.8. Кеңес дәуірі (1941-1956).- Алматы: ҚазАқпарат, 2004.- 520 б.
39. Мырзахметұлы М. Түрік халықтары әскери әдебиетінің негізін салушы // Ақ жол. -2006. №62. 15 сәуір. –6б.
40. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Құрастырған филология ғылымдарының докторы М. Мырзахметов. Аударған М. Қазбеков.- Алматы: Қазақстан. 1991.- 400 б.

41. Кривицкий А. На полях книг. Монологи публициста. Москва: «Советский писатель», 1986. - 454 с.
42. Керимбаев Б. Капчагайский батальон. Издание второе. [Электрон.ресурс] – 2005. -URL: <https://textarchive.ru/c-2934762.html> (Қаралған күні: 20.05.2021)
43. Бақытбек Смағұл. Шығармалары - Произведения. II том. / Бақытбек Смағұл.- Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020. Т. II. - 384 б.
44. Тесля А.А. Документальная проза: проблема и история жанров // Электронное научное издание «Учёные заметки ТОГУ». - Хабаровск: ТОГУ, 2012. - Т. 3, № 1. - С. 7 - 17.
45. Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.5. – 552 б.
46. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1991. 2-т. – 576 б. С.

**О.Кулбарак<sup>1</sup>, Г.А.Туякбаев<sup>2</sup>, К.З.Уткелбаев<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Kazakhstan, Taraz*

<sup>2,3</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda*

### **The poetic nature of the works on the theme of the Afghan war**

**Annotation.** The regularity of art is the artistic and historical depiction of important events in the history of mankind in literature and fiction, and the creation of images of individual heroes.

One such event in the history of the USSR was the 10-year war in Afghanistan (1979-1989). The giant empire invaded the territory of Afghanistan and conducted military operations in 21 provinces of the country. Conscripts from Kazakhstan also took part in these battles. The battalion of 27-year-old Bakytzhan Yertayev conducted a brave battle on the banks of the Kunar River, and the battalion of Boris Kerimbayev, known as the "black major", conducted a brave battle in the valley "Pansher". The war was not without losses. In peacetime, many marriages have suffered. 22 thousand people from Kazakhstan took part in the war, about 1000 of them were victims of the war, 20 people went missing [1].

Heroism and tragedy leave their mark on life and art. News of the war in Afghanistan was not made public. The beginning of the truth was connected with the end of the war and the safe return of the participants of the war.

Initially, memoirs, articles and interviews of various kinds, essays, dedication poems, war lyrics were written. The book "Bozdaktar" (about heroes) has been published. As the memories grew, so did the art of journalism. Kazakh writers began to write regularly on Afghanistan. Books in various genres began to appear. The fate of a man who fought in the Afghan war has become a character of fiction as a difficult and twisted image.

At least, there is a literary and journalistic process in the literature and journalism on the subject of the Afghan war. This war played a special role in the development of national military prose and other genres of military literature. After all, the situation of the war experienced by the generation and the suffering it brought to the country is a law of life and art, which presents its theme in literature and fiction. The writing of works of various genres is a topical issue in the history of literature.

**Key words:** war in Afghanistan, literary process, genre system of literary works, theme, fiction, documentary prose, fiction.

**С.О.Кулбарак<sup>1</sup>, Г.А.Туякбаев<sup>2</sup>, К.З. Уткелбаев<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Таразский региональный университет им.М.Х. Дулати, Казахстан, г.Тараз*

<sup>2,3</sup>*Кызылординский университет им.Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда*

### **Поэтический характер произведений на тему Афганской войны**

**Аннотация.** Отражение в литературе и художественной публицистике важнейших событий в истории человечества, их художественно-историческое описание, создание образов отдельных героических личностей является закономерностью искусства.

Одно из таких событий в истории СССР – Афганская война, которая длилась 10 лет (1979-1989). Огромная империя, введя свои войска на территорию Афганистана, вела боевые действия в 21 провинции стра-

ны. В этих боях принимали участие и призывники из Казахстана. Батальон 27-летнего Бакытжана Ертаева участвовал в боевых операциях в горном ущелье вдоль реки Кунар. А батальон Бориса Керимбаева, прозванного «черным майором», вел смелые боевые действия в Панджшерском ущелье.

Не бывает войны без потерь. И в мирное время многие семьи испытали страдание и горе. Из Казахстана в этой войне участвовали 22 тысячи человек, из них около 1000 стали ее жертвами. 20 человек пропали без вести [1].

Героизм и страдания оставляют свой отпечаток как в жизни, так и в искусстве. Информация об Афганской войне в свое время не была в полной мере доступна народу. Подлинная правда о ней стала достоянием общества лишь с окончанием войны и благополучным возвращением в страну ее участников.

Вначале были написаны воспоминания, статьи и интервью различного характера, очерки, стихи-посвящения, военная лирика. Издана Книга Памяти. Воспоминания постепенно переросли в художественную публицистику. Сформировались казахские писатели, которые постоянно писали на афганскую тему. Стали выходить книги самых разных жанров. Участник Афганской войны становится персонажем художественного произведения, воплощая сложный, запутанный образ.

В любом случае, и в литературе, и в публицистике есть литературный, публицистический процесс, связанный с темой Афганской войны. В развитии других жанров национальной военной прозы и военной литературы она занимает особое место. И то, что отражение этой войны, пережитой поколением, той трагедии, которую она принесла народу, стране, представляет особую тему в литературе, художественной публицистике – это закономерность жизни, закономерность искусства. Написание произведений разных жанров на эту тему также является актуальной проблемой в истории литературы.

**Ключевые слова:** Афганская война, литературный процесс, жанровая система произведений, тема, художественная правда, документальная проза, художественная публицистика.

#### References

1. Saylan B. Auganstan: 110 aiga sozylgan sogys. (Afghanistan: 110 months of war)–Astana: Egemen Kazakhstan, 2019.7 aqpan. 9 b.[In Kazakh]
2. Kniga pamyati o sovetskikh voynah, pogivshih v Afganistane. V dvuh tomah. Tom 1. Ministretstvo oborony Rossijskoj Federacii. Glavnoe organizacionno-mobilizacionnoe upravlenie general'nogo shtaba. Moskva, Voennoe izdatel'stvo, 1995.; Tom 2. Moskva, Voennoe izdatel'stvo, 1999. [Elektron. resurs] – 2000. – URL: <http://afgan.ru/memoryafgan/>(Qaralgan kыni: 20.05.2021)[In Russian]
3. Kniga pamyati. Afgan. (the book of memory of the Afghans)1979-1989. Bozdaqtar.Qaragandy oblysy Karagandinskaya oblast'. g. Karaganda, RGK PO "Poligrafiya», 1999 .-136 b. [In Russian]
4. Marlen Laryuel', Botagoz Rakishevoj, Gulden Ashkenovoj. Pamyat' iz plameni Afganistana: Interv'yu s voynami-internacionalistami Afganskoj vojny 1979-1989 godov Kniga 1. Kazahstan. (Memory from the Flames of Afghanistan: Interviews with Internationalist Soldiers of the Afghan War of 1979-1989)Izdanie sostoit iz 3-h knig. – Astana: KISI pri Prezidente RK, 2016. – 216 s.; Pamyat' iz plameni Afganistana: Interv'yu s voynami-internacionalistami Afganskoj vojny 1979-1989 godov / Pod red. Marlen Laryuel', Botagoz Rakishevoj, Gulden Ashkenovoj.Kniga 2 Uzbekistan.Izdanie sostoit iz 3-h knig. – Astana: KISI pri Prezidente RK, 2016. – 192 s; Pamyat' iz plameni Afganistana: Interv'yu s voynami-internacionalistami Afganskoj vojny 1979-1989 godov / Pod red. Marlen Laryuel', Botagoz Rakishevoj, Gulden Ashkenovoj.Kniga 3.Tadzhikistan.Izdanie sostoit iz 3-h knig. – Astana: KISI pri Prezidente RK, 2016. – 260 s [in Russian]
5. Ermakov O.N. Znak Zverya . (The Sign of the Beast) Eksmo-Press, 2007.– 352 s. [In Russian]
6. Ermakov O.N. Vozvrashchenie v Kandagar. (Return to Kandahar.) Eksmo-Press, 2010.– 384 s. [In Russian]
7. Ermakov O.N. Zimoy v Afganistane (Rasskazy). (Winter in Afghanistan) [Elektron. resurs] – 2012. – URL: <https://www.litmir.me/bd/?b=8427> (Qaralgan kыni: 20.05.2021) [In Russian]
8. Aleksievich S.A. Cinkovye mal'chiki: dokumental'nye povesti (Zinc boys: Documentary stories) / S. Aleksievich – Moskva : Izvestiya, 1991. – 424 s.[In Russian]
9. Pustynin E. «AFGANEC. Roman v 35 glavah», («AN AFGHAN.A novel in 35 chapters») 1988-92. [Elektron. resurs] – 2015. –URL: [http://afg-hist.ucoz.ru/photo/bazy\\_dannykh/biblioteka/afganec/91-0-1580](http://afg-hist.ucoz.ru/photo/bazy_dannykh/biblioteka/afganec/91-0-1580) (Qaralgan kыni: 20.05.2021) [In Russian]

16. Кәрібозұлы Б. Базар жырау толғаулары жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері // «Қазақ тарихы» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2019. - №7 (174) – Б.45-48.
17. Кәрібозұлы Б. Ырыс. – Астана: Фолиант, 2010. 384 б.
18. Кәрібозұлы Б., Бекетова Ұ.Қ. Базар жырау толғауларының тақырыптық көркемдік ерекшеліктері мен жанрлық сипаты// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2019. - №1 (51) – Б.122-127.
19. Жармұхамедов М. Базар жырау // Алтын бесік, 2004, - №2.
20. Базар жырау шығармалары. Алматы: Арыс, 2014.

<sup>1</sup>Б.Карибозулы, <sup>2</sup>Г.С.Оралова

*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

### Literary heritage of Bazar zhyrau

**Abstract.** The works of Bazar Ondasuly, which have a special place in Kazakh literary studies, are also a literary heritage of national literature. In this article, the national character of Bazar Zhyrau's heritage and the artistic thinking level are determined, and the mutual connection of traditions and innovations in the glorification of Bazar Zhyrau is evaluated. Bazaar Zhyrau's peculiar way of thinking, speech, and worldview is recognized. Based on the classification of the chants of Bazar Zhyrau, several of its internal types are distinguished.

The connection of Bazar Zhyrau with the established literary tradition is substantiated and his place in Kazakh literature is analyzed.

It is not only the task of science and culture, but also the moral duty of the older generation to make sure that the best people in our history are not forgotten by the younger generation. It is about the historical destiny, the interrelation of the literature of the Turkic-speaking peoples, the continuation of the centuries-old tradition. Our national literature was greatly influenced by the literature of the East and the West, as well as the world in general. The article focuses on the peculiarities of Bazar Zhyrau in epos writing and provides a theoretical analysis. The works of Bazar Ondasuly, which have a special place in Kazakh literary studies, are also an artistic heritage of national literature. The educational value and aesthetic value of the works propagated by humanistic ideas, moral qualities of the works written in the tradition of Eastern civilization and literature are differentiated.

**Keywords:** Syr Suleyleri, zhyrau, akyn, literature, tolgau, legend, epic poem

<sup>1</sup>Б.Карибозулы, <sup>2</sup>Г.С.Оралова

<sup>1,2</sup>Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

### Литературное наследие Базара жырау

**Аннотация.** Произведения Базара Ондасулы, занимающие свое место в казахской литературоведении, также являются художественным наследием национальной литературы. В данной статье раскрывается национальный характер и уровень художественного мышления рыночного наследия, оценивается преемственность традиций и новаторства. Базар отличается своеобразным мышлением, речью, мировоззрением. На основе классификации базар-жырауских сказаний выделяются несколько его внутренних видов.

Прослеживается связь Базара жырау со сложившейся литературной традицией, анализируется его место в казахской литературе.

Усилия по тому, чтобы избранные в нашей истории не были забыты из памяти молодого поколения—это не только задача науки и культуры, но и нравственный долг старшего поколения. Речь идет об исторической судьбе, о взаимосвязи литературы тюркоязычных народов, о продолжении многовековой традиции. На нашу национальную литературу оказано большое влияние, как Востока, так и Запада, в целом, литературы стран мира. В статье сделан теоретический анализ особенностей Базар жырау в написании Дастана. Произведения Базара Ондасулы, занимающие свое место в казахской литературоведении, также являются художественным наследием национальной литературы. Воспитательное значение, эстетическое значение произведений, пропагандирующих гуманистические идеи, нравственные качества произведений, написанных в соответствии традициям восточной цивилизации и литературы.

**Ключевые слова:** Певцы-сказители Земли Сыра, жырау, акын, литература, воспевание, эпос, легенда.

### References

1. XIX gasyrdagy kazak akyndary [Kazakh poets of the XIX century] (Gylym, Almaty, 1988. 352 p.) [in Kazakh]
2. Kaskabasov S. Zhanazyk [Zhanazyk] (Audarma, Astana, 2002. 584 p.) [in Kazakh]

3. Zhymabaev M. Shygarmalary: Olender, poemalar, kara sozder / Kyrastyrgandar: Abdullin H., Darimbetov B., Zhymabaeva Z. [Works: Verses, poems, prose / Compiled by: Abdullin H., Darimbetov B., Zhymabayeva Z.] (Zhazushy, Almaty, 1989. 448 p.) [in Kazakh]
4. Ysh gasyr zhyrlaydy. Kyrastyrgan zhane algy sozin zhazgan Y. Duysenbaev [Three centuries sing. Compiled and written by Y. Duysenbaev] (Zhazushy, Almaty, 1965.) [in Kazakh]
5. Bes gasyr zhyrlaydy II tom [Five centuries sing Volume II] (Zhazushy, Almaty, 1984.) [in Kazakh]
6. Zheti gasyr zhyrlaydy. II tom. Kyrastyrgan: Duysenbayly E. [Seven centuries sing. Volume II. Compiled by: Duysenbayevich E.] (Zhazushy, Almaty, 2008.) [in Kazakh]
7. Magauin, M. Aldaspan: kone kazak poeziyasynyn antologiyasy [Aldaspan: an anthology of ancient Kazakh poetry] (Atamyra, Almaty, 2006. 312 p.) [in Kazakh]
8. XYIII-XIX gasyrlardagy kazak adebieti. Kyrastyrgan: Synshaliev H. [literature of the XVIII-XIX centuries. Compiled by: Suinshaliev Kh.] (Mektep, Almaty, 1981.) [in Kazakh]
9. Bazar Zhyrau Ondasyly. Zhamigy kazak bir tugan. [Bazar Zhyrau Ondasuly. The whole nation is Kazakh.] (Deshti Kypshak, Almaty, 2008. 380 p.) [in Kazakh]
10. Ondasyly Balky Bazar. Nazbedeu (tolyk zhinagy): Tolgaular, ... Kyrastyrgan: Aldamzhar B. [Nazbedeu (complete collection): Legends, ... Compiled by: Aldamzhar B.] (Almaty, 2007.) [in Kazakh]
11. Kosanov S.K. Bazar Zhyrau Ondasylynyn adebi myrasy: (Akyndyk dastyr, zhanr, poetika): avtoreferat [Literary heritage of Bazar Zhyrau Ondasuly: (Poetic tradition, genre, poetics): abstract] (Miras-K, Almaty, 2005.) [in Kazakh]
12. Bazar zhyrau shygarmalary. Kyrastyrgan: Sh.Aldashev [Works of Bazar Zhyrau. Compiled by: Sh. Aldashev] (Zhazushy, Almaty, 1986. 199 p.) [in Kazakh]
13. Bazar zhyrau shygarmalary [Works of Bazar Zhyrau] (Foliant, Astana, 2008.) [in Kazakh]
14. Zhanbersheyova U. T. İztilevovtin adebi murasy. [Literary heritage of T. Iztleuov] (Arys, Almaty, 2013. 332 p.) [in Kazakh]
15. Karibozuly B., Oralova G.S. Bazar zhyraudyn adebi murasy. [Literary heritage of Bazar zhyrau] (Tumar, Kyzylorda, 2021. 268 p.) [in Kazakh]
16. Karibozuly B. Bazar zhyrau tolgaulary zhanrlyk sipaty men korkemdik erekshelikteri // [Bazar Zhyrau tolgaulary genre character and artistic features] «Kazak tarihy» respublikalyk gylymi-adistemelik zhurnal, 2019. №7 (174), 45-48. [in Kazakh]
17. Karibozuly B. Yrys. [Wealth] (Astana: Foliant, 2010. 384 p.) [in Kazakh]
18. Karibozuly B., Beketova Y.K. Bazar zhyrau tolgaularynyn takyryptyk korkemdik erekshelikteri men zhanrlyk sipaty // [Thematic literary features and genre character of Bazar Zhyrau's thoughts] Al-Farabi atyndagy KazYU Habarshysy. Zhurnalistika seriyasy, 2019. №1 (51), 122-127. [in Kazakh]
19. Zharmyamedov M. Bazar zhyrau // [Bazar Zhyrau] Altyn besik, 2004. №2.) [in Kazakh]
20. Bazar zhyrau shygarmalary [Works of Bazar Zhyrau] (Arys, Almaty, 2014.) [in Kazakh]


**Карибозулы Б.** – д.ф.н., профессор, руководитель научного центра «Коркытоведение». Кызылординский университет им. Коркыт Ата, ул. Айтеке Би 29А, Кызылорда, Казахстан.

**Оралова Г.С.** – к.ф.н., старший преподаватель кафедры казахского языка, литературы и журналистики. Кызылординский университет им. Коркыт Ата, ул. АйтекеБи 29А, Кызылорда, Казахстан.

**Karibozuly B.** – Doctor of Philology, Professor, Head of the Scientific Center «Korkyt studies». Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Bie str., Kyzylorda, Kazakhstan.

**Oralova G.S.** – Candidate of Philology, Senior Lecturer of the Department of Kazakh Language, Literature and Journalism. Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Bie str., Kyzylorda, Kazakhstan.





XҒТАР 17.71.07

М.Р. Балтымова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан  
(E-mail: mbr74@mail.ru)

## Балаларға арналған фольклорлық шығармаларды игерту жолдары

**Аңдатпа.** Бұл мақалада балаларға арналған фольклор шығармаларын мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес өзіндік қиял-армандарын, талаптарын, ой-пікірлерін, айналадағы құбылысты эстетикалық тұрғыдан қабылдау, сезіну мүмкіндіктерін қалыптастыруға болатыны және соны жүзеге асырудың жолдарын туралы баяндалады. Балалар фольклоры мұраларын жинақтап, ата-бабамыздың ұрпағына қалдырған рухани азығын сіңіріп, оның шығу тарихын игеру, ғылыми тұрғыда талдау жасау, тәжірибе жүргізу елеулі еңбектің нәтижесін көрсетеді. Балаларға арналған фольклор туындылары олардың қызыға да сүйсіне тыңдайтын, шығармашылық қасиеттерін арттыратын, логикалық ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытатын құнды жанр екені анық. Бала психологиясының даму ерекшеліктеріне сәйкес жазылған мазмұнды шығармалардың барлығы дерлік олардың танымдық қабілеттерінің дамуына, сөздік қорының молаюына септігін тигізіп, ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттырады. Ағартушы ғалым А.Байтұрсынұлының еңбектерінде балаларға арналған ертегілер, мақал-мәтелдер, өсиет сөздер мен қисса-дастандар бүгінгі жасөспірімдерді халық педагогикасының қағидалары негізінде тәрбиелеуде, мәдени мұрамыздың құнды қазыналарын бір жүйеге келтіріп, ғылыми тұрғыда негіздеуде аса құнды құрал екендігі баяндалады. Халық мұрасының бастауы ретінде фольклорлық шығармалар баланың өмірге келген күнінен бастап тікелей тәрбиеге бағытталған оңтайлы тәрбие құралдарының бірі ретінде маңызды орын алады. Мақалада көтерілген мәселе өзектілігі мен маңыздылығын жоймайды, қайта жаңарып, жаңғырып, бала тәрбиесіндегі отбасының, ата-ананың, халықтың, жалпы қоғамның білімі мен біліктілігін арттырады. Балалар фольклоры сәбидің санасына ес біле бастаған күннен бастап анасының әлдімен сіңіп, жасы өскен сайын байиыды.

**Түйін сөздер:** фольклор, балалар фольклоры, бала психологиясы, фольклорлық шығармалар, танымдық қабілеттер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-161-21>

### Кіріспе

Фольклор туындылары – ұрпақ тәрбиесінде қолдануға арналған құнды құралдардың бірі. Балаларға арналған фольклор шығар-

малары – мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес олардың өзіндік қиял-армандарын, талаптарын, ой-пікірлерін, айналадағы құбылысты эстетикалық тұрғыдан қабылдау, сезіну мүмкіндіктерін қалыпта-

стыруға негізделген, халқымыздың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы. Балалар фольклорының туындылары – олардың қызыға да сүйсіне тыңдайтын, шығармашылық қабілеттерін арттыратын, логикалық ойлауы мен сөздік қорын дамытатын құнды жанр.

### Зерттеу әдістері

Бала психологиясының даму ерекшеліктеріне сәйкес жазылған мазмұнды шығармалардың барлығы дерлік баланың танымдық қабілеттерінің дамуына, сөздік қорының молаюына септігін тигізіп, ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттырады. Мәдени мұрамыздың құнды қазыналарын бір жүйеге келтіріп, ғылыми тұрғыда негіздеген ағартушы ғалым А. Байтұрсыновтың еңбектерінде балаларға арналған ертегілер, мақал-мәтелдер, өсиет сөздер мен қисса-дастандар бүгінгі жасөспірімді халық педагогикасының қағидалары негізінде тәрбиелеуде аса құнды құрал ретінде сипатталады. Сонымен қатар, мақал-мәтелдердің баланың қабылдауы мен зейінінің дамуында ерекше орын алатындығы мен сөйлеу тілін дамытатын шешендік өнерге баулитын тұстары психологиялық тұрғыдан зерттелген. Оған дәлел ретінде ғалымдар ағартушы Ш. Уәлихановтың «Казахи – больше охотники ораторских выступлений, они любят совершенствоваться в искусстве речи и особенно любят они в них сатирические и юмористические элементы» деген пікірін келтіре отырып: «Пословицы и поговорки богаты мыслями о роли слова в жизни людей. Вообще, особый интерес к красноречию, ораторскому искусству, крылатым словам испокон веков являлся одной из характерных черт психологии кочевников. На наш взгляд, можно предположить, что обилие в языке казахов-кочевников кратко и метко высказанных мыслей в виде афоризмов, острот, анекдотов, поговорок, пословиц объясняется тем, что у них ввиду сложившихся обстоятельств, связанных с кочевым образом жизни, не было времени и возможности рассказывать и слушать длинные повествования, поскольку они всегда находились в дви-

жении, в поисках пастбищ для скота и жилья. Пословицы доказывают, что речь раскрывает внутренний мир человека» [1, 12-б.], - деп көрсетеді.

Халық мұрасы – танымдық, тәрбиелік мәні шексіз, шектеусіз терең дүние. Өйткені халық мұрасының бастауы баланың өмірге келген күнінен бастап тікелей тәрбиеге бағытталғандықтан, сәби шағынан баланың жағымды, дұрыс тәрбиеленуіне байланысты оңтайлы тәрбие құралдарының орынды қолданылуы маңызды роль алады. Қарастырып отырған мәселе қашанда өзектілігі мен маңыздылығын жоймайды, қайта жаңарып, жаңғырып бала тәрбиесіндегі отбасының, ата-ананың, халықтың жалпы қоғамның білімі мен біліктілігін арттырады. Сәби ес біле бастаған күннен бастап анасының әлдиімен, анасының айтқан сөздерімен өседі, бойына сіңіреді, жасы өскен сайын баланың жан дүниесі ерекше сезімдерге толып, байиды, толығады. Нәтижесінде сәбилердің дүниетанымы ес біле бастағаннан-ақ белгілі бір әрекетке дағдыланып, көргенін, естігенін өайталай бастайды. Рухани тұрғыдан қарасақ, баланың жан дүниесі ерекше, әсерлі сезімдерге бай екендігі белгілі. Осы қасиет баланың жеткіншек жасында ерекше көрініс беріп, баланың айнала қоршаған ортамен әлеуметтену қабілеті жүзеге асады.

Балалар фольклоры – бала психологиясын, танымы мен талғамын, шығармашылық қабілеттері мен потенциалдық мүмкіндіктерін танытатын, осы қасиеттерді дамытатын халықтың ғасырлар бойғы жинақтаған асыл қазынасы. Балаларға арналған фольклор шығармаларының олардың жалпы дамуы мен тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз етудегі ролін фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов: «Балалар фольклоры деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиеті үлгілерінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Олардың ішінде қара сөз түріндегі шығармалар да, үлкенді-кішілі түрлі мақсатпен айтылатын өлең жырлар да бар. Бұған қоса ойынға байланысты және ертегі, аңыз-әңгімелерде жиі кездесетін ырғақты прозаның алатын орны ерекше» [2, 116-б.], - деп тұжырымдайды.

## Талқылау

Ғалым А. Байтұрсынұлы еңбектерінде «өтірік өлең», «жұмбақ», «жаңылтпаш», «тақпақ», «бесік жыры» тәрізді жанларының мәнін түсіндіріп, эстетикалық тәрбие саласына да ерекше тоқталып, оның халықтық дәстүр мен халықтық тәрбие беруде өзектілігін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар, қазақ әдебиетін зерттеушілер С. Сейфуллин, Ш. Ахметов, Қ. Матыжанов, т.б. ғалымдар қазақ балалар фольклорын арнайы зерттеу нысанына айналдырып, жан-жақты қарастырып, фольклорлық шығармалардың өзіндік табиғатын тұтас құбылыс ретінде саралаған. Қ. Матыжанов зерттеулерінде фольклор туындарының халықтық педагогиканың тәрбие құралы ретіндегі орны көрсетілген. Бұл, ең алдымен балаларға арналған халық шығармаларының балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра екендігі дәлелдейді. Фольклор шығармаларының мазмұны бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, музыкалық сазымен, өнегелі мазмұнымен, жеңіл формасымен, балалардың рухани азығына айналған бағалы тәрбие құралы ретінде берілетіндігі фольклордың ұрпақ тәрбиесіндегі құндылығын анық көрсетеді.

Көрнекті қаламгерлер Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, М. Әлімбаев туындылары ұлттық рухани қазынаны жас ұрпаққа жан-жақты түсіндіріп, елеулі орын беру керектігін білдіреді. «Халық мұрасының танымдық, тәрбиелік мәні шексіз, шектеусіз терең дүние. Және ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңі үшін мәнді, адамзаттың рухани-эстетикалық қуатының қайнар көзі. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, сәбидің жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі үйтқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан» [3, 239-б.], - деген пікір фольклор туындыларының бала тәрбиесіндегі орнын нақты көрсетіп тұр.

Мысалы, қазақ ертегілерінің мазмұнында көркемдік шеберліктің тамаша үлгісі көрі-

неді. Оның дәлелі, ертегілердің мазмұнындағы кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз болып берілуі нәтижесінде ертегіні оқып отырған бала жағымды кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне сүйсініп, оларға ұқсағысы келіп отырса, жағымсыз кейіпкерлерден жиреніп, олардың іс-әрекеттерінен бойларын аулақ ұстауға тырысып отыратындығы болашақ ұрпақтың бойында адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастырудың таптырмас құралы екендігін көрсетеді.

Фольклор туындыларының жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудегі маңызына тоқталсақ, М. Қаратаев өз зерттеулерінде адамның эстетикалық мәдениеті оның жалпы мәдениеттілігінің жарқын бір көрсеткіші ретінде өскен ортаға, қоршаған ортаға, білімге, тәрбиеге, қызметке, сол сияқты басқа да факторларға әсер ететін қасиет екендігін атап айтады. Нақты айтсақ, балаларды фольклор жанрларымен таныстыру, тыңдағанын қайта әңгімелеп беруге, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды мәнерлеп айтуға үйрету, эстетикалық тәрбие мүмкіндіктерін шешуге көмектеседі. Демек, қазақ балалар фольклоры – ұлттық мәдениеттің дамуы мен жаңаруының негізі. Ол – өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын, болмысын, дүниетанымын айқындайтын өшпес мұра. Бұл орайда, «Аяз би» ертегісіндегі ақылы мол Аяз биді, «Ер Төстік» ертегісіндегі өзінің ақылдылығымен, білгірлігімен айнымас дос, адал жар Кенжекейді мысалға келтіруге болады. Бұл шығармалардан балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі ролі мен баланың әлеуметтенуі барысындағы ролін байқаймыз.

Халқымыз ауыз әдебиеті жанрларын тәрбие құралы ретінде пайдаланып, балаларды ақылдылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке баулып, жауыздықпен күресіп, оны жеңе білуді уағыздаған, әділдікті үйретіп, өз ана тіліне, дініне берік болып, ұлттық мәдениетті көтеруге жетелеген. Фольклордың қай туындысы болмасын, ғибрат айтарлық, жөн-жоба мен үлгі-өнеге көрсететін қасиеттері мол туынды. Оның барлығы халық пікірі бола отырып, болашақ ұрпақты тәрбиелеудің

эстетикалық құралы ретінде танылады. Өйткені озық мәдениетке бастап, жамандықтан жирендіріп отыру халықтың талап-талғамының жемісі, сыншылдық көзқарасы деген зерттеушілердің пікірлері фольклор жанрының ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын ашып көрсетеді.

Егемендік алғаннан кейінгі жылдарда баланың жеке тұлғасын, халқымыздың асыл мұрасы фольклорды, дәстүрді құрметтеу, елін-жерін сүю, адамгершілік және эстетикалық сезім әрекеттерін бекіту мақсатында жасалған тұжырымдамалар ауыз әдебиетінің халық санасындағы отаншылдық, адамгершілік, гуманизм, эстетикалық мәдениет пен рухани байлықты сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау-арманын, әдет-ғұрпын, халық тәрбиесіндегі фольклор туындыларының жемісін көрсететіндігі туралы қорытындыларды байқаймыз. Сонымен бірге ғылыми зерттеулер барысында балалар фольклорының тәрбиелік мәнін айқын ашып, оның халық педагогикасының элементтері арқылы игерілуі жайында пікірлерін білдіргендігін байқадық. Фольклор тәрбие мен білім беру ісінің барлық саласымен ұштасып, сабақтаса жалғасады.

Қазақ фольклорының өзіне тән ерекшелігі – балаға айналасындағы бай мұраның әсемдігі мен әсерлілігін түсінікті етіп жеткізе отырып, ұлттық еңбектің нәтижесін сезінуге, қоршаған дүниеге, салт-дәстүрге, ой-қиялын дамытуға әсер ететіндей негізгі тәрбие құралы болуында. Яғни фольклор баланың танымын кеңейтеді, оны өмірді сәулелендіретін бейнелердің бай дүниесіне ендіреді, танымдық іс-әрекетін, өмірге деген бейімділігін дамытады, ата-баба мұрасын қастерлеуге тәрбиелейді. Саралап келгенде қазақ фольклоры жанрындағы табиғат, қоғам, өнер, өмір жайлы ұғымдар мен түсініктер мазмұны жағынан өрістей келе халықтық асыл қазынаға айналып, ұлттық санаға тереңдей енді. Ата-бабаларымыз күнделікті тұрмысқа қажетті қарапайым нәрседен бастап, күрделі әлемдік құбылысқа дейінгілерді шығармашылық пен ертегіге, аңыз әңгімеге, эпостық жырларға, мақал-мәтел мен жұмбақтарға және ауыз әдебиетіне жанр түрлерін қосып, өз ұрпағын адамгершілік-

ке, азаматтыққа тәрбиелеумен қатар тылсым дүниенің әсемдік сырына бейімдеген. «Ұлттық әдебиеттердегі ұқсас құбылыстар өзіндік ерекшеліктерімен бірге әлем әдебиетінің құбылыстары ретінде де талданған. Екінші жағынан, әдеби құбылыстардың генетикалық және типологиялық болмысын анықтау (қазақ, ұйғыр, ағылшын балалар поэзиясының көркемдік ерекшеліктері мен өзгешеліктерін және поэтикалық өлшемдерін саралау, атап айтсақ көркемдік құралдары (тартыс, тақырып, идея, сюжет, композиция, троп) және әдеби құбылыстардың ішкі заңдылықтарына сай әдеби-мәдени феномен ретінде, сондай-ақ әдеби дерек ретінде қарау үдеріс динамикасын түсінуге және ұқсас құбылыстардың қалыптасу яки өзара кірінуін бақылауға мүмкіндік береді» [4, 29-б.] деген пікірде әлем халықтары фольклорындағы ұқсастықтар мен байланыстарды байқай аламыз.

Халықтық педагогиканың қағидалары мен балалар фольклоры арасындағы сабақтастықтың негізгі түйіні ретінде баланы «сегіз қырлы, бір сырлы» еңбексүйгіш, адал, әдепті азамат тәрбиелеуден туған халықтық қағида қазіргі көркем шығармаларда жиі айтылады. Қазақ сегіз қырлы азамат дегенді еңбексүйгіш, бауырмал, батыр, өнерлі, өнегелі, шыншыл, адал, әділ болу деп түсінеді. «Сегіз қырлы, бір сырлы» жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу үшін бар мүмкіндікті дұрыс пайдалану, оны жүзеге асыру саналы ұрпақ тәрбиелеуге жетелейді. Нәтижесінде жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуді әр халықтың салт-дәстүрі, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған-тергені, озық ойлары мен тәрбиелеудегі өзіндік ерекшеліктері бар. Халықтың осындай баға жетпес мол мұрасын, яғни жазбаша жазылмаған, бірақ ұрпақ есінде мәңгілікке сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жалғасып келген нақыл, өсиет, өнеге, қағида болып таралып келген тәлім-тәрбие тағылымының бай мұрасын халық педагогикасының қағидалары негізінде игертеміз.

Фольклордың басқа көркем жанрлардан ерекшелігі – ауызша пайда болып, ауызша орындалатыны, ауызша таралатыны. Фольклордың өзіне тән бейнелену әдісі, атқаратын қызметі, көркемделу тәсілі болады. Қазақ әдебиеті ғылымының дамуы, пайда болуы, қалыптасуы мен қазіргі жағдайы туралы нақты зерттеулер аз емес. Қоғам дамуының талаптары мен адам санасының қалыптасуына байланысты өзгерістерге жауап бере алатын ізденістер мен жаңашылдықтарды айқындау қажет. Ол үшін ауыз әдебиеті үлгілері мен ол туралы ғылымды жетілдіру, ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан зерттеу, дамыту жұмыстары қажет. Қазақ ауыз әдебиетінің бай мұрасы мен ондағы ерекшеліктерді анықтау тәсілінің бірі – тарихи-салыстырмалы әдіс. Фольклорлық шығармалардың мазмұнына, құрылымына, заңдылықтарына терең түрде салыстыру, талдау, жіктеу жасап алмайынша, фольклор табиғатын түсіну мүмкін емес. Осы тұрғыда теориялық талдаулар төңірегіндегі пікірлер айтылып, фольклордың негізгі бейнелеу әдісі романтикалық дәріптеу мен көркемдік жинақтау түрінде былай көрсетіледі: «Көркем жинақтау, ең алдымен фольклорға тән. Онда бас қаһарманның бойына адам баласының ең ізгі қасиеттері, оған қоса ел аңсаған, армандаған батыр жігіттің ісі мен мінезінен, қимыл-әрекетінен көргісі келетін небір асыл қасиеттері жинақталған деп танылған. Сөйтіп, өмірдегіден гөрі қиялда, ойда армандаған мінез-құлық, іс-әрекет, өмір салты фольклорлық туындыға, оның кейіпкеріне ғаламат жинақтық әрі тұлғалық сипат береді. Мұнда бір жағынан іс-әрекетті жинақтау, екінші жағынан, уақытты жинақтау, үшінші жағынан, арманды жинақтау бар» [5, 438-б.]. Бұл пікірде айтылған әдістер жалық педагогикасының қағидаларын толықтыратынын байқауға болады.

Халықтық педагогика – отбасылық тәрбиеден басталып, ел-жұрт, ауыл-аймақ, тіпті бүкіл халықтық қарым-қатынастан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі. Ендеше, халық педагогикасы қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми-педагогикалық қорытындылар арқылы

дәлелденіп, педагогикалық оқыту мен тәрбие беру жүйесіне айналған ұрпақ тәрбиесінің қайнар бұлағы, алтын діңгегі екендігі көрініс беріп отыр.

Халықтық тәрбие түрлерін жас бүлдіршіндердің бойына сіңіртіп, ілім, білік дағдыларын дамыту, дене еңбегіне, ой еңбегіне қабілетті, жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу физикалық, психикалық дамуы жан-жақты жетілген, әлеуметтік ой-санасы қалыптасқан, бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді молынан сіңірген, жаңаша бағытта дамып, өзін-өзі жан-жақты көретіп, дамуға қабілеттілігін көрсететін тұлға қалыптастырудың бағыттарын қамтиды.

Халық тәрбиешілері үйрету мен оқуды балалық шақтан бастап, баланың танымдық қабілеттерін жан-жақты дамытуда жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер құнды тәрбие құралы ретінде қолданғандығы белгілі. Халық педагогикасы ғасырлар бойғы халық тәжірибесіне сүйеніп, болашақ ұрпақты еңбекке, адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеуде халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, ұлттық ойындар маңызды орын алады.

Салт-дәстүр халықтың белгілі бір әдет-ғұрыптарымен байланысты туады. Мысалы, бала тәрбиесімен байланысты шілдехана өткізу, сүйінші сұрау, балаға ат қою, бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу тойлары; үйлену, үй болумен байланысты құда түсу, есік көрсету, келін түсіру тойлары, қалың мал алу, жасау беру т.б. салт-дәстүрлер, түрлі кәде-ырымдар қазақ халқында ежелден сақталған. «Жас баланың мінезі, әдеті, дағдысы жақсы жағынан қалыптасып, дамуы үшін бала психологиясының алатын орны ерекше. Бала психологиясын толығымен білу арқылы оның белгілі бір жас ерекшелік кезеңдеріндегі өзгермелілігі мен ауыспалылығына мән бере отырып, ата-анасы бала психологиясын дамыта алады. Оны жүзеге асыру үшін сонау ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұраны дәріптеп, оны бала тәрбиесінде орынды қолдану үлкен шеберлікті, шыдамдылықты, сабырлылықты қажет етеді. Осы тұста ата-бабамыздың мына

бір айтқан ойына тоқтамай кетуге болмайды: Ата-бабамыз «Күллі тәрбиенің кілті – отбасы, ошақ қасы» деп бекер айтпаған. Ал, Алматы маңындағы Есіктен табылған Алтын адамның жанындағы күміс тостағандағы жазудағы: «Аға, саған (бұл) ошақ! (Ошағынан) безгендер тізеңді бүк!» деген жазу да жасөспірімдерді тәрбиелеу ісіне баса назар аударғаннан дерек береді [6, 9-б.]. Келтірілген пікір отбасы тәрбиесінің халық педагогикасының негізі екендігін көрсетеді. Тұрмыс-салтқа байланысты туған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді, бәрінде халықтың арман-тілегі, ой-пікірі, келешек ұрпаққа айтар өсиеті көрініс беріп отырады.

Халық педагогикасы баланың тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасындағы үлкендердің, ұстазының үлгісіне байланысты деп қараған. Өскен ортаның тәрбиесіндегі әсері жөнінде А. Құнанбайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, А.С. Макаренко, А.В. Сухомлинский, сынды тұлғалардың ой-пікірлері халық педагогикасының қағидаларымен үндесі еді. Яғни тәрбиешінің жылы жүректі болуын, тапқырлық тәсілмен тәрбиелеуін орынды санаған. Бүгінде ол - ғылыми зерттеулердің ғана объектісі емес, сонымен қатар педагогикалық теориялардың, әсіресе отбасы тәрбиесінің дамуына үлкен әсер ететін ынтымақтастық педагогиканың іргетасы. Сондықтан да халық педагогикасының бүгінгі күнде практикалық та, ғылыми теориялық та мән зор.

Бұл жерде тек фольклорлық шығармаларды оқуға үйретіп қана қоймай, баланың таным белсенділігін дамытуды да қарастырған жөн. Баланың таным белсенділігі қоршаған әлемді тану, білуден басталатындығы туралы ғылыми дүниетанымдық көзқарастар сонау ежелгі грек философтары Аристотель, Платон, Сократ ілімдерінен бастау алады. Ұлы ойшылар Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, А. Йүгінеки, т.б. адамның танымын дамыту мен жетілдіру арқылы оны бақытқа жетелеуге болатындығы жайында айтып кеткен. Хәкім Абай атамыз өзінің қырық үшінші қара сөзінде «баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, өзіңіз жоғалып кетесіз» деп көрсеткен болатын. Ұлы ұстаз Ы. Алтынсарин шығармала-

рының қазақ балалар фольклорын дамыту барысында да айрықша орны бар екендігін ескерсек, баланы оқу-білімге баулуда өзінің шығармалары арқылы бала тәрбиесінде ұлттық фольклорды қолданудың тиімділігін көрсететін «Сөз басы» өлең шумағынан [7, 7-б.] қазақ балалар фольклоры мен халық педагогикасы арасындағы сабақтастықты көруімізге болады.

Қазақ балалар поэзиясында бұл тұрғыда қалыптасқан дәстүрлі әдістер мен тәсілдер баршылық. Солардың бір үлгісі-халық ауыз әдебиеті мен көне мұралардан, яғни көркем идеяны ойлы өсиет, әсерлі насихат сипатында беру тәсілі. Аталған әдеби тәсілді балалар поэзиясында қолданудың бүгінгі күнге дейінгі аралықта қалыптасқан, яғни ақын-жыраулар поэзиясына тән ашық өсиет, толғаулар берілетін өлеңдер үлгісі болса, тағы бір түрі балаға ақыл беру тәсілін уақыт ағымына, қазіргі балалар поэзиясының талабына, яғни бүгінгі бала болмысының ерекшелігіне бейімдей қолданатын туындылар.

## Нәтижелер

Тәрбие мен білім беруді біріктіру тенденциясы оқу-тәрбие ісінің тұтастығынан туындағандығы белгілі. Тәрбие – әлеуметтік үдеріс, ал адамның жеке басының өсіп жетілуі, дамып қалыптасуы–әрі әлеуметтік, әрі биологиялық үдеріс. Осы ерекшеліктен келіп, педагогикада қоғамтану мәліметтерін жаратылыстану мәліметтерімен біріктіре қарастыру қажеттілігі пайда болады. Оның себебі педагогика адам тәрбиесінің қажетін орындаушы қоғамдық сұранысты іске асырушының рөлін атқарушы болып отыр. Міне, осыдан келіп теория мен тәжірибенің, оқытудың өмірмен байланысын, оны іске асырудың жолдарын қарастыратын педагогика ғылымының бір саласы – оқыту мен тәрбиенің әдістемесі туындайды. Швейцарияның кемеңгер педагогы И.Г.Песталоцци тәрбиені ана тілінде оқытатын халықтық мектептердің бай тәжірибесіне негіздей отырып жүргізуді мақұлдап, ол «Адамның ақыл-ойының қалыптасуы, дұрыс дамуы ұлт тіліндегі оқудың мазмұны мен

оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты» деп ерекше атап көрсетіп, «Бала тәрбиесі оның дүниеге келген күнінен басталуы керек. Баланың дүниені түсінуі отбасынан басталып, мектепте әрі қарай жалғастырылуы шарт» деген қағиданы ұсынса, француз ағартушысы Ж.Ж. Руссо да бала тәрбиесінің көзі еңбекте, сондықтан баланы жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді отбасында еңбекке үйретуден бастау керек деп қарағандығы белгілі. Ал белгілі орыс педагогы К.Д. Ушинский халықтық тәрбиенің мақсаты мен мазмұнына және тәрбие мен оқыту әдістеріне тоқтала келе, бала тәрбиесі сол халықтың сан ғасырлық тарихымен тығыз байланысты, тәрбиенің негізін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек екендігін көрсетіп, бала тәрбиесіндегі ауыз әдебиетінің рөліне де ерекше тоқталған. Мысалы, ертегілер халықтық педагогиканың алғашқы және тамаша үлгілері, ертегілердегідей халықтың асқан даналық тәрбиесімен тепе-тең келетін бірде-бір тәрбие құралы жоқ екендігін көрсетуі, А.С. Макаренко зерттеулерінде адамды тәрбиелеп жетілдіруде еңбектің, әсіресе ұжымдық еңбектің маңызына ерекше мән бергендігі болса, ал В.А. Сухомлинский «Баланы ізгі жүректі азамат етіп тәрбиелеуде ойын түрлерін кеңінен қолдануды және баланы жазасыз тәрбиелеуді, ертеқ айтуға, табиғатты тамашалауға, сол арқылы олардың ой-қиялын өсіруге» ерекше көңіл бөліп, «табиғат тамаша тәрбиеші, тек оны түсіне білуге үйрету керек» деп көрсетуі фольклор туындыларының халықтық тәрбие мен білім беру құралы екендігін байқадық.

Өткен ғасырлардағы педагогика тарихын ұжымдық педагогикалық тәрбиенің мәні мен маңызына, халықтық тәрбие жөніндегі данышпандық ой-тұжырымдарына Әл-Фараби, Ибн-Сина, Фердоуси, Омар Хайям, Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов, Л.Н. Толстой, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбайұлы сияқты ойшылдардың бірде-бірі көңіл бөлмей өткен емес. Олар халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесінің, педагогикалық ойларының өзектілігіне ерекше мән беріп, халықтық тәрбиенің негіздеріне ғылыми талдаулар жасағандығы белгілі болды.

## Қорытынды

Фольклор өмірдің ағымы сияқты тез өзгере беретін құбылыс емес. Дегенмен, халық тұрмысымен, оның санасымен тікелей байланысты болған соң өзгеріске ұшырап, жаңарып, толығып отырады. Қазақ хандығының Жоңғар хандығымен үш ғасырдай жүргізген соғысы халық өмірінің барлық саласына әсер етіп, рухани мәдениетте ерекше із қалдырып, фольклор жаңарып, оның жанрлық құрамы толығып түсті әрі көркемдік сапасы да артты. Бізге жеткен фольклор нұсқалары негізінен осы жаңа дәуірде, яғни XVIII-XIX ғасырларда сұрыпталып, көркемдік жағынан әрленіп, жүйеленіп, осы күнгі қалпына жеткен. XVIII-XIX ғасырларда қазақ фольклоры шешендік сөздермен және шежірелермен толығып, аңыздың ішкі түрлерімен, хикаятпен және эпсаналармен жаңаруы тарихи өлең мен қара өлең арқылы өмірде болып жатқан алуан түрлі оқиғаларды қамтып, халық санасына, эстетикалық талап-талғамына сәйкес баяндалуы халықтық тәрбие мен халықтық педагогиканың қажеттіліктерін қанағаттандыруға негіз болған.

Халық педагогикасындағы қазақ балалар фольклорының рөлін оның бала тәрбиесіндегі ғұрыптық рәсімдерді сипаттайтын қолданбалы мұра ғана емес, жас ұрпақтың рухани әлемін қалыптастыру атын, баланың ой-санасына көркем нәр беретін, қиялын дамытатын, талапқа баулитын эстетикалық категория екенін байқадық.

Сонымен қатар, балалар фольклорының мазмұнындағы үлкен жауапкершілікті, яғни балалардың қиялын, ойлауын, сөйлеу тілін, мәдениетін, эстетикалық талғамын қалыптастыратын, эмоциясын көрсететін ерекшеліктер басым болуы керектігі белгілі болды. Балаларға арналған әдеби туындылар олардың психологиясына тікелей әсер етіп, бала жүрегінен мызғымай орын алатын шебер, көркем, құнды шығармалар екені дәлелденді. Халық ауыз әдебиетінің балаларға арналған түрлерін, балалар ақын-жазушыларының шығармаларын ұрпақ бойына сіңірту үшін олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырудың әдіс-тәсілдері айқындалды.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жарикбаев К.Б., Ахметова М.К. Развитие казахской национальной психологии в историко-психологическом аспекте / К.Б. Жарикбаев, М.К. Ахметова. – Алматы: ДК-Print, 2014. – 496 б.
2. Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер / С.Қасқабасов. – Алматы: Жібек жолы 2008. – 504 б.
3. Қайратқызы Ә. Қыз өссе – елдің көркі / Ә. Қайратқызы. – Нұр-Сұлтан: Кәусар, 2019. – 464 б.
4. Розиева Д.С. Балалар поэзиясындағы дәстүр және үндестік (қазақ, ұйғыр және ағылшын әдебиеті негізінде): Филол. ғыл. д-ры дисс. – Алматы, 2014. – 260 б.
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. – 752 б.
6. Әбілұлы М. Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті: оқу құралы. 1-кітап / М. Әбілұлы – Алматы: Эверо, 2018. – 204 б.
7. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 1 том. Жыр тағылымы. /Құраст: Қалиев С., Аюбай Қ. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 408 б.

**M.R. Baltymova**

*K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan*

### Ways of mastering folklore works for children

**Abstract.** This article describes that folklore works for children represent the noble heritage of our people accumulated over the centuries, based on the formation of preschool children's own fantasies, claims, judgments, and opportunities to aesthetically perceive and feel the surrounding phenomenon. The generalization of the heritage of children's folklore, the assimilation of spiritual food left to the descendants of our ancestors, the development of the history of its origin, the conduct of scientific analysis, experience indicate the results of considerable work. Folklore works for children are a valuable genre that listens to them with pleasure, increases their creative qualities, develops logical thinking and vocabulary. Almost all meaningful works written in accordance with the peculiarities of the development of child psychology contribute to the development of their cognitive abilities, increase their vocabulary, increase their thinking and speech abilities. In the works of the scientist-educator A. Baitursynov tells that fairy tales, proverbs, sayings, edifications and tales for children today are a valuable tool for educating teenagers on the principles of folk pedagogy, systematization and scientific justification of the values of cultural heritage. Folklore works as the sources of folk heritage from the day of the child's birth occupy an important place as one of the optimal means of education, aimed directly at education. The question raised in the article does not lose its relevance and significance, is revived and modernized, increasing the knowledge and skills of the family, parents, the population, and society as a whole. Children absorbs the words of the mother, with age, the child's soul is filled with special feelings, enriched, filled.

**Keywords:** folklore, children's folklore, child psychology, folklore works, cognitive abilities, children's works.

**М.Р. Балтымова**

*Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан*

### Способы усвоения фольклорных произведений для детей

**Аннотация.** В данной статье рассказывается о том, что фольклорные произведения для детей представляют собой накопленное веками благородное наследие нашего народа, основанное на формировании у дошкольников собственных фантазий, притязаний, суждений, возможностей эстетически воспринимать, чувствовать окружающий феномен. Обобщение наследия детского фольклора, усвоение духовной пищи, оставленной потомкам наших предков, освоение истории его происхождения, проведение научного анализа, опыт свидетельствуют о результатах немалого труда. Фольклорные произведения для детей являются ценным жанром, который с удовольствием слушает их, повышает творческие качества, развивает логическое мышление и словарный запас. Практически все содержательные произведения,



написанные в соответствии с особенностями развития детской психологии, способствуют развитию их познавательных способностей, увеличению словарного запаса, повышают мыслительные и речевые способности. В трудах ученого-просветителя А. Байтурсынова рассказывается о том, что сказки, пословицы, поговорки, назидания и сказания для детей сегодня являются ценным инструментом воспитания подростков на принципах народной педагогики, систематизации и научного обоснования ценностей культурного наследия. Фольклорные произведения как истоки народного наследия со дня рождения ребенка занимают важное место как одно из оптимальных средств воспитания, направленное непосредственно на воспитание. Вопрос, поднятый в статье, не теряет своей актуальности и значимости, возрождается и модернизируется, повышая знания и квалификацию семьи, родителей, населения, общества в целом. Впитывая в себя устное творчество со слов матери, с возрастом душа ребенка наполняется особыми чувствами, обогащается.

**Ключевые слова:** фольклор, детский фольклор, детская психология, фольклорные произведения, познавательные способности.

### References

1. Zharikbaev K.B., Akhmetova M.K. Razvitie kazakhskoi natsionalnoi psikologii v istoriko-psikologitsheskom aspekte [Development of Kazakh national psychology in the historical-psychological aspect] (Almaty, «DK-Print», 2014, 496 p.). [in Russian]
2. Kaskabasov S. Elzerde: Ar jilgi zertteuler [Works of different years] (Almaty, «Zhibek zholy», 2008, 504 p.). [in Kazakh]
3. Kairatkyzy A. Qiz osse eldin korki [When a girl grows up, she is the beauty of the country] (Nur-Sultan, «Kausar», 2019, 464 p.). [in Kazakh]
4. Rozieva D.S. Balalar poeziasyndagy dastur zhane undestik (kazakh, uigur zhane agilshin adabieti negizinde [Traditions and harmony in children's poetry (based on kazakh, uyghur and english literature): doctor's dissertation] (Almaty, 2014). [in Kazakh]
5. Qazaq adabieti. Ensiklopedia [Kazakh literature. Encyclopedia] (Almaty, Kazakhstan Institute of Development, 1999, 752 p.). [in Kazakh]
6. Abiluly M. Ejelgi dauirdegi otbasylyq balalar auyz adabieti: oqu quraly [Ancient family oral children's literature: textbook. Book 1. (Almaty, «Evero», 2018, 204 p.). [in Kazakh]
7. Qazaqtyn talimdik oilar antologiasy: Zhyr tagilimi (Qurast: Qaliev S., Aiyai Q.) [Anthology of Kazakh educational ideas: Poetry lessons] Vol. 1. (Compilers: Kaliyev S., Ayubai K.) (Almaty, «Sozdik-Slovar», 2005, 408 p.). [in Kazakh]

#### Автор туралы мәліметтер

*Балтымова Майра Рашидқызы* – қазақ филологиясы кафедрасының PhD докторанты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

*Baltymova Maira Rashidovna* – PhD Student of the Department of Kazakh philology, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

**Редактор: Дихан Қамзабекұлы**  
Компьютерде беттеген: Дәмегүл Елешева

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің**  
**ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы.**  
- 2021. - 4 (137). - Нұр-Сұлтан: ЕҰУ. 170-б.  
Шартты б.т. - 10,6 Таралымы - 17 дана  
Электронды нұсқа: <http://bulphil.enu.kz>

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
баспасында басылды